Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 01 (434)
8 қаңтар, 2022 жыл

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына үндеуі

Құрметті отандастар!

Елімізде ланкестікке қарсы операция жалғасуда. Полиция, ұлттық ұлан және армиямыздың күшімен Конституцияға сәйкес заңдылық пен тәртіп орнату мақсатында ауқымды әрі күрделі жұмыс атқарылып жатыр.

Кеше Алматы, Ақтөбе қалалары мен Алматы облысындағы жағдай қалпына келтірілді. Енгізілген төтенше жағдай режимі өз нәтижесін берді. Бүкіл еліміз бойынша конституциялық заңдылық орнатылды.

Бірақ террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда.

Құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық бердім.

Шетелде тараптарға келіссөз жүргізіп, проблемаларды бейбіт жолмен шешуге шақырған сөздер айтылуда. Не деген ақымақтық?! Қылмыскерлермен, қанішерлермен қандай келіссөз болуы мүмкін?

Біз қаруланған әрі дайындықтан өткен жергілікті және шетелдік содырлармен бетпе-бет келіп отырмыз. Нақты айтқанда, содырлармен және ланкестермен. Сондықтан оларды жою керек. Бұл жуық арада жүзеге асырылады.

Күштік құрылымдар бұл міндетті моральдық және техникалық тұрғыдан орындауға дайын.

Өздеріңізге мәлім, ҰҚШҰ-ның жарғылық құжаттарының негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан конституциялық тәртіпті ретке келтіруге көмек беру үшін Ұйымға мүше мемлекеттердің басшыларынан біріккен бітімгерлік күштерін енгізуді сұрады.

Бітімгерлік күштер еліміздегі стратегиялық нысандарды қорғалуын және қызметін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімге келді.

ҰҚШҰ-ға төрағалық етіп отырған Армения Премьер-министріне, сондай-ақ Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан президенттеріне шынайы алғыс айтамын.

Ресей Президенті Владимир Путинге ерекше ризашылық білдіремін. Ол менің үндеуіме жедел, ең бастысы, жолдастық ниетпен үн қатты.

Сонымен қатар Қытай Тәрағасына, Өзбекстан, Түркия президенттеріне, БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың басшыларына қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын.

Еліміздегі қайғылы жағдай демократия мен адам құқығы мәселелерінің жаңа қырын ашып көрсетті.

Демократия дегеніміз – жүгенсіздік емес, әсіресе блогосферада заңға қайшы әрекет ететін арандатушылық емес.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай сөйлеген сөзімде заң мен тәртіп еліміздің игілігі мен беркесінің негізгі кепілі екенін айттым.

Бұл тек Қазақстанға ғана емес, барлық өркениетті мемлекетке тән. Бұл азаматтардың бостандығы мен адам құқығын шектеу деген сөз емес. Керісінше, Алматыдағы және Қазақстанның өзге де қалаларындағы қайғылы жағдай заңның сақталмауы, шектен шыққандық және анархия адам құқығының бұзылуына әкеп соқтыратынын көрсетті.

Алматыда содыр-ланкестердің қолынан әкімшілік ғимараттар ғана емес, бейбіт тұрғындардың мүлкіне де залал келді.

Сондай-ақ жүздеген бейбіт тұрғын мен әскери қызметшінің денсаулығы мен өміріне қатер төнді.

Қаза тапқан азаматтардың отбасылары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын.

Естеріңізде болса, 2020 жылдың мамыр айында менің ұсынысыммен азаматтардың бейбіт жиналыстарды өткізуі туралы заң қабылданды.

Бұл заң, шын мәнінде, елімізде демократияны ілгерілету бағытында жасалған маңызды қадам. Өйткені құжатта митингілер мен жиналыстарды өткізу үшін рұқсат алудың қажет еместігі, тек билік органдарына ескерту жеткілікті екені қарастырылған. Жиынды еліміздің кез келген қаласының орталығында өткізуге болатыны көрсетілген. Алайда қай жерде жиналып, не айтсақ та құқығымыз бар деп санайтын кейбір «құқық қорғаушылар» мен «белсенділер» өздерін заңнан жоғары қояды.

Осындай шолақ белсенділердің жауапсыз әрекеттерінің кесірінен полиция қызметкерлері өздерінің негізгі құқықтық тәртіпті сақтау қызметіне толық көңіл бөле алмайды. Оларға көбінесе зорлық-зомбылық көрсетіп, тіл тигізеді.

Осындай «белсенділердің» кесірінен интернет бұғатталады. Нәтижесінде миллиондаған азамат пен отандық бизнес зардап шегеді.

Яғни, ішкі экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа орасан зор зиянын тигізеді.

Құқықтық тәртіпті бұзуға өздерін «еркін» бұқаралық ақпарат құралдарымыз деп санайтындар мен біздің көпұлтты халқымыздың негізгі мүдделерінен алшақ «сыруттағы қайраткерлер» ықпал етіп, шын мәнінде арандатушылық рөл атқарады.

Осы жауапсыз демагогтардың барлығы Қазақстанда қайғылы жағдайдың туындауына себепкер болды десек, асыра айтқанымыз емес. Біз құқықтық вандализмнің кез-келген түріне қатаң шара қолданамыз.

Біздің тарихымыздағы осы бір қиындықты тез арада еңсеретінімізге ешқандай күмән жоқ. Ең бастысы, болашақта мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу керек.

Мен құрған ведомствоаралық топ содырлар мен ланкестерді іздеумен және оларды ұстаумен айналысады. Олардың бәрі қатаң қылмыстық жауапкершілікке тартылады деп азаматтарымызға уәде беремін.

Барша қазақстандықтан өтінерім, сақтық танытып, барынша қырағы болыңыздар. Күмәнді адамдардың қандай да бір күдік тудыратын белсенді әрекетін байқасаңыз, құқық қорғау органдары мен жедел желілерге хабарласыңыздар.

Құқық қорғау органдары мен армияның іс-қимылына, сондай-ақ олардың ведомствоаралық үйлесіміне қатысты анықтайтын мәселе көп.

Арнаулы жасақтың, арнаулы құрал-жабдықтардың жетіспейтіні белгілі болды. Осы мәселелерді шұғыл түрде шешуіміз керек.

Содырлардың терракт жасау туралы жымысқы жоспары мен жасырын дайындығын мемлекет қалайша білмей қалғанын анықтап, түсіну аса маңызды. Тек Алматының өзіне 20 мың содыр шабуыл жасады.

Барлық облыста әскери, әкімшілік және әлеуметтік нысандарға ұйымдасқан түрде, жоғары жауынгерлік дайындықпен және асқан қатігездікпен шабуыл жасау әрекеті олардың нақты жоспарының болғанын көрсетті.

Содырлардан бөлек, идеологиялық диверсия жасауға әбден жаттыққан, жалған ақпараттар мен «фейктер» таратуды шебер меңгерген және адамдардың көңіл-күйіне ықпал ете алатын мамандар жұмыс істеген.

Оларды дайындаумен және басқарумен біртұтас командалық пункт айналысқанға ұқсайды. Бұл мәселемен ҰҚК мен Бас прокуратура айналысып жатыр.

Енді жақсы жаңалықтар туралы.

Жағдайдың тұрақталғанына қарай еліміздің кейбір өңірлерінде интернет-байланысты белгілі бір уақыттарда қосу туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім азаматтарымыздың тұрмыс-тіршілігіне оң әсер ететініне сенімдімін.

Алайда, интернетке еркіндік берілгенімен ойына келгенді жазуға, жалған ақпарат таратуға, біреуге тіл тигізуге, арандатушылыққа жол берілмейтінін ескертемін.

Ондай материалдар шықса, олардың авторларын тауып жауапкершілікке тарту шараларын қабылдаймыз.

Ланкестікке қарсы операция жалғасып жатыр. Содырлар әлі де қаруларын тастаған жоқ, қылмыстарын жалғастыруда немесе соған дайындық жүргізуде. Опармен соңына дейін күресу керек. Берілмегендерді жоямыз.

Болашақта басымыздан өткерген қайғылы жағдайдан сабақ алуымыз керек. Бұның әлеуметтік-экономикалық ауыртпалығы да бар.

Үкімет менің 11 қаңтарда Мәжілісте айтатын сөзіме қатысты нақты шешімдер қабылдауы керек.

Ал әзірге айтарым, қадірлі отандастарым, мен сіздерді мақтан тұтамын.

Осы күндері сабақ сақтап, тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге күш салған Қазақстан азаматтарына алғыс білдіремін.

Арандату мен деструктивті ұрандарға қарамастан заңға және өз елдеріңізге деген адалдықты сақтап қалдыңыздар.

Ірі қалалардағы студенттерге, еңбек ұжымдарының мүшелеріне, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының жұмысшыларына азаматтық ұстанымдарыңыз үшін алғыс айтамын.

Наразылықтың бейбіт тәртібін сақтағаны үшін өңір тұрғындарына ризашылығымды білдіремін.

Бейбіт шеруде қойылған талаптардың бәрін ескереміз. Диалогтың нәтижесінде компромиске келіп, өткір әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.

Сондықтан жағдай тұрақталған өңірлерде біртіндеп төтенше жағдай режимін аламыз.

Қастерлі Отанымыз – Қазақстан әлем картасындағы егемен ел ретінде қуатты мемлекетке айналады, экономикамыз анағұрлым қарқынды дамиды, азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайы жақсара түседі.

Мен мұны зор сенпіммен айтып тұрмын. Өйткені, оған қол жеткізу үшін қажетті реформалар мен нақты іс-шаралар жоспарын ұсынатын боламын.

Баршаңызға зор денсаулық, құт-береке тілеймін.

Тек қана аманшылықта кездесе берейік!

Қызылорда облысы әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың аймақта қалыптасқан жағдайға сәйкес өңір тұрғындарына арналған үндеуі

Құрметті облыс тұрғындары!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз бойынша төтенше жағдай жариялады. Қаруланған бұзақылық топ біздің аймақтағы облыстық, қалалық әкімдіктер, «Nur Otan» партиясы, облыстық сот ғимараттарына шабуыл жасады. Біз қызметкерлерді алдын ала шұғыл эвакуацияладық.

Бүгінгі күні облыста 168 адам ауруханаға жүгінді. Соның 77-сі ауруханаға жатқызылды. 38-і жансақтау бөліміне түсті.

Қадірлі жерлестер!

Бүгінгі күні облыста арнайы жедел штаб құрылып, жұмысын бастады. Облыстағы қоғамдық-саяси ахуал біздің тұрақты бақылауымызда.

Баса айту керек, қоғамдық тәртіпті өрескел бұзып, жалған ақпарат таратқан азаматтар жауапкершілікке тартылады.

Қызылорда облысы аумағында террористік қауіптің «қызыл шекті» деңгейінің енгізілуіне байланысты теоррористік қарсы операция басталды. Осы орайда барлық азаматтарды енгізілген шектеу мен қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырамын!

Облыс аумағында енгізілген шектеулерге байланысты Сіздерді аса қажеттілік жағдайда ғана үйлеріңізден шығуыңызды сұраймыз. Шұқан жағдайда өздеріңізде жеке күәліктеріңіз болуы қажет! Арандатушылыққа бой алдырмай, қауіпсіздік шараларын сақтап, құқық қорғау қызметкерлерінің заңды талаптарын орындауыңызды сұраймыз!

АХУАЛ ТҰРАҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекованың мәлімдеуінше, өңірде ахуал тұрақталып келеді.

– Ірі сауда орталықтары мен базарлардың азық-түлік сататын бөліктері жұмысын бастады. Қоғамдық көліктерді де кезең-кезеңімен шығару жүзеге асырылуда. Еріктілер бұзылған, залал келген аумақтарды тазарту, ретке келтіру жұмыстарына жұмыла кірісіп жатыр. Олар сондай-ақ, блок-бекеттердегі тәртіп қызметкерлеріне ыстық тамақ жеткізуді де қолға алған. Жалпы өңірдегі ахуал облыс әкімі жетекшілік ететін облыстық арнайы штабтың қатаң бақылауында, - деді басқарма басшысы.

Айта кетейік, 5 қаңтар күні қаруланған бұзақы топ облыс орталығында мемлекеттік маңызы бар бірнеше нысандарды қиратты. Оның ішінде облыстық әкімдік ғимараты да бар болатын.

«Бұзақы топ облыс әкімдігінде кабинеттердің тас-талқанын шығарып, техникалық құрал-жабдықтарды да қолды еткен, қызметтік автокөліктерді өртеу әрекетіне дейін барған. Қазіргі таңда мүліктік шығынды есептеу, зерделеу

бағытында арнайы комиссия құрылды. Өңірде ахуал тұрақтала бастады. Аймақ төтенше жағдайда екені белгілі, ал, облыс әкімдігі штаттық жұмыс режиміне көшті» - деп хабарлады кеше кешке облыс әкімінің баспасөз хатшысы Абай Тағыберген.

Аймақта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында 5 блок-бекет қойылып отыр. Олар Тұңғыш Президент паркі, Қызылорда – Павлодар – Жезқазған, Қызылорда – Жалағаш автожолында және Самара – Шымкент автожолында орналасқан.

«АЖ» ақпарат

◀ 7 КҮН ЖЕЛІСІ

Қазақстан NEET жастары үлесінің ең төмен көрсеткіші бар елдердің «жасыл» аймағында тұр. Бұл жайында Мәжіліс депутаттарының сауалына ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың жауабында айтылды.

NEET ЖАСТАРЫН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ЖАЛҒАСАДЫ

«Бүкіл әлемде NEET санатындағы жастардың үлесі коронакризис салдарынан артып келеді. Мәселен Еуростаттың деректері бойынша 2020 жылы ЕО елдерінде NEET санатындағы жастар көрсеткіші 2019 жылмен салыстырғанда 1,2 пайыздан 17,6 пайыз дейін ұлғайды және бұл көрсеткіштің одан әрі артуы болжанып отыр. ЭЫДҰ елдерінде 18-24 жастағы NEET санатындағы жастардың үлесі орта есеппен 14 пайызды құрайды. Бразилия, Колумбия, Коста-Рика, Италия, Оңтүстік Африка және Түркияда жастардың 25 пайыздан астамы осы санатқа жатады», – деді Үкімет басшысының орынбасары.

Тұтастай алғанда NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіруге және нәтижелі жұмыспен қамтуға бағытталған кешенді іс-шараларды іске асыру тұрақты бақылауда және оның ішінде нормативтік-құқықтық базаны, сондай-ақ алдағы уақытта атаулы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жетілдіру есебінен күшейтілетін болады.

Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Асқар Құрмаштың жетекшілігімен актив отырысы өтті. Жиын барысында орталық директоры өткен жыл көлемінде атқарылған жұмыстар жайлы баяндама жасап, биылғы межеленген жоспарларға тоқталды.

ЖАҢА ҚАРҚЫН ҚАЖЕТ

«Бүгінде «Жастар ресурстық орталықтары» – өңірдегі жастардың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыратын, әдістемелік, психологиялық, әлеуметтік, шығармашылық қолдау көрсететін маңызды құрылым. Сондықтан барлық деңгейдегі ЖРО-ның алдында үлкен жауапкершілік жүгі тұр. Біз бұл бағыттарды алдағы уақытта күшейтуге тиіспіз» деген пікірмен бөлісті орталық директоры.

Аудан орталықтарындағы құрылым директорлары қолға алынған бастамалар жайын тарқатып, жаңа жылда жаңа қарқынмен жұмыс жалғасатынын тілге тиек етті. Бірқатар қатысушы ауыл жастарын қолдау мәселелеріне тоқталып, ұсыныс-пікірлерін де жеткізді.

Республикалық «Көңілді тапқырлар алаңы» бәсекесінде «Қорқыт жастары» және «ЖасАрал» командалары ақтық кезеңге дейінгі сайыстарда қарсыластарынан оза шауып, жолдамаға қол жеткізді.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДОДАДА ТОП ЖАРДЫ

Еліміздің түкпір-түкпірінен 30-дан аса команда бақ сынаған сайыстың финалдық додасында Арал ауданының намысын қорғаған «ЖасАрал» екінші орын иеленсе, «Қорқыт жастары» командасы үшінші орынды қанағат тұтты.

Жеңімпаздар «Бүгінде айтар әзіл-қалжыңы өткір де жарасымды, шынайы болмаса, елді таңғалдыру қиын. Себебі заман талабына сай көрерменнің талғамы өзгерген. Сондай-ақ адамдардың көбі әзіл-қалжың мен сатиралық шығармалардың мәнін, ерекшелігін түсіне бермейді. Сатира мақтамен бауыздағандай, өмірде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды сатира арқылы, яғни ашы күлкімен жеткізеді. Жеңіл әзілді білмейді. Сондықтан біз жыл сайын ерекше дүниелерді дайындауға асықпыз, жеңісті күндер алда» дейді олар.

РЕЙД: ТҮНГІ ҚАЛАДАҒЫ БАЛАЛАР

Тәулік бойы тыным таппай, кәмелетке толмағандардың ісімен айналысатын тәртіп сақшыларының бірі – ювеналды полиция. Инспекторлар ата-аналар және оқушылармен тұрақты түрде кездесулер өткізіп, заң нормаларын түсіндіреді. Мұндай шаралар аудандарда жүйелі жалғасуда.

Жақында Шиелі ауданы көлемінде «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық шарасы қолға алынды. Шара барысында аудандағы «Жастар ресурстық орталығының»қызметкерлері мамандармен бірге рейдке шықты. Мұндай тексеріс балалардың қауіпсіздігі үшін.

«Жасөспірімдер қылмысының көпшілігі ата-ананың бақылауынсыз қалған балалардың қатысуымен орын алады. Осы шара кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуды көздейді» дейді тәртіп сақшылары.

«БАЛАЛАР ЖЫЛЫНАН» НЕ КҮТЕМІЗ?

Ұлт келешегінің ұстыны өскелең ұрпақ екені белгілі. Білім беру, бағыт-бағдар айқындау, жеке даму көрсеткішін көтеру секілді жүйелі қадамдар жас буынның жетілуі мен толыққанды тұлға болып қалыптасуына жол ашады. Қазіргі сан құбылған мәдени қақтығыс пен өркениет өзгешелігі де бұл бағытқа ерекше мән беруді талап етуде. Себебі балаға деген қамқорлық, көңіл бөлу бүтін буынның келешегіне әсер етуі ықтимал. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялауды ұсынуының мәні де осында жатса керек.

Расында, мұндай қадам кейбір кенжелеген салаға қайта дем беріп, түрлі жоба мен бағдарламаның ел игілігіне жарауына сеп болмақ. Денсаулық сақтау, білім беру бағытындағы іс-шарадан бөлек, әлеуметтік көмек секілді бастама да өз жемісін берері анық. Себебі аталған бағытта әлі жүзеге аспаған жұмыс, еленбеген олқылық жетерлік. Осыны ескерсе керек, Президент Қазақстан халқына арналған жаңажылдық үндеуінде 2022 жылда атқарылар іс мол екенін және балаларға мән беру екенін жеткізген:

«Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың иілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек», – деді Президент.

Алайда Мемлекет басшысы бұл жылды тек ұрандап немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, балаларды қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасалуы керектігін қадап айтты.

«Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да алдағы жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін. Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұған дейін де аталған бағыт бойынша біршама жұмыс атқарылған болатын. Тіпті 2021 жыл «Балалар әдебиеті жылы» деп жариялау де үлкен өзгеріс әкелді. Мәселен, өткен жылы Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынысымен «2021 – Балалар әдебиеті жылы» аясында 100 кітап жарыққа шықты. Оған қоса «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жалпыхалықтық оқуға балалар әдебиетінен алты кітап таңдалды. Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар», Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек», Марат Қабанбаевтың «Жиһангез Тити», Толымбек Әбдірайымның «Алабұға аулаған күн», Зира Наурызбаева мен Лиля Калаустың «Алтын тостағанды іздеу», Мәди Айымбетовтың «Бар болғаны он төрт жас» еңбегі. Тізімнен өткен ғасырдың жаңалықтарын көрдік. Осы алтаудың арасында тек біреуі ғана Зира Наурызбаева мен Лиля Калаустың «Алтын тостағанды іздеу» шығармасы қазіргі заман әдебиеті.

Сонымен қатар көптеген балалар шығармасы, ертегі жазылып, қойылымдар қойылды. Бұрын кең танылмаған балалар жазушылары оқырманға кеңінен насихатталып, жаңа таланттардың тынысы ашылды. Түрлі деңгейдегі ақындар мүшәйрасы, шығармалар байқауы ұйымдастырылса, аударма саласында да балалар әдебиеті назардан тыс қалмады. Енді, міне, осындай игілікті іс орын алған «Балалар әдебиеті» жылы «Балалар жылына» жалғасуда.

Елдің болашағы өскелең ұрпақтың санымен емес, сапасымен өлшенері анық. Осы орайда жас буынның білімге құштар, жаңашылдыққа үйір болып өсуін қамтамасыз ету ең маңызды міндеттің санатында. Сондықтан 2022 жылы Президент пәрменінен тың идея, жоғары нәтиже беретін бастамалар тындап, балалардың дамуы өркендеріне сенім мол.

Берен ШАҒЫРОВ



БІЛІМНЕН АСҚАН БАЙЛЫҚ ЖОҚ

Ең алғаш мектеп табалдырығын имене аттаған бүлдіршінге жылы қабақ танытып, құшағын жаятын мұғалім бейнесі оның жадында мәңгі қалатыны анық. Балаға алғаш рет әріп танытып, алғаш рет қалам ұстатып, біліммен биікті бағындыруына үлес қосатын да – ұстаз. Мен де осы қиындығы мол қасиетті жолды таңдадым.

Әр баланың ішкі жан дүниесіне үңілу маңызды. Өйткені бала бұйрықты бұлжытпай орындайтын әскер емес. Құпияға толы, бұлтарысы көп жаратылыс иесі. Сол себепті жас өскіннің

Еңбек жолымды бастаған сәтте өзімді ашық теңізде ескексіз жүзген балықшыдай сезіндім. Теңіз толқындары қайта-қайта соғып, жағаға шығарып тастағаны секілді мен де кедергілерге тап болдым. Алайда мамандығыма деген құрмет және балаларға деген ыстық ықылас алға жетелей түсті. «Ұстаздық – ұлы қызмет» деп қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқандай, ұстаздық ету – ұлтты тәрбиелейтін ұлы іс екенін терең түсіндім. Бұл жолда баланың сеніміне кірбің ұялатпай, оның жеке тұлғасының дұрыс қалыптасуына жұмыс істеу қажет. Сабақты қабылдау әр балада әртүрлі жүруі мүмкін. Бір бала баяу қабылдаса, бір бала оны дереу әрі шапшаң қағып алады. Мұғалімнің кереметі сонда, әр баланың икем-қабілетін ескере отырып сабақ өтуінде. Психолог та болу керек. тәрбиесін назардан тыс қалдырмау керек. Сонда ғана мұғалім баланың бойындағы қандай да бір ұшқынды байқай алады. Ерекше қасиетін, адамдық даралығын қалыптастыру үшін де «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай айтқандай, жалықпай еңбектенуі қажет.

Жалпы, білімнің негізі бастауыш сыныпта қаланады. Осы кезеңдерде баланың қабілеті ашылып, жаңа қыры танылып жатса, мұғалімнің діттеген мақсатына бір табан жақындағаны деп ойлаймын. Мұғалім мерейі оқушысының жеткен жетістігімен өлшенеді дегенге де келіспеске болмайды.Шәкірті озған ұстаз бақытты емес пе? Ендеше, менде жыл сайын зейінді оқушылардың қатары артсын деген тілек бар. Өйткені білімнен асқан байлық жоқ.

Салтанат ТОҚСАНБАЕВА,
№247 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

Ұлдананың бос уақыты бола бермейді. Қолөнерді дамытуды қалайтын маман қолы қалт етсе, тігін мәшинесіне отырады. Киім, сөмке, керек десеңіз, перденің түрлі үлгілерін ұлттық нақышта қиюластырады. Матасын, түсін таңдайды. Өз ісін сүйіспеншілікпен атқарып, бір-екі күн ішінде тапсырыс берушінің сұранысына сай дүние жасап шығарады. Қолынан іс келетін шебердің кестелеп тіккен әсем дүниелері бүгінде дүйім жұрттың кәдесіне жарап отыр. Қосымша қызметімен қатар, ісмерлікті қоса алып жүрген Ұлдананың өнері көпке үлгі десек, артық айтқанымыз емес.

62 МЫҢ ОҚЫРМАНЫ БАР ТІГІНШІ

– «Көз – қорқақ, қол – батыр» деп бекер айтылмаған. Себебі жұмыстың ең қиыны бастап кету. Қағаз бетіне салған суретті дәл сол күйінде, әдемі етіп шығару үшін де көп уақыт қажет. Оған қоса мен не тіксем де қазақы ою қосып, салт-дәстүрімізді дәріптеуге күш саламын. Кәсіби бишілердің киімін тігемін. Ойындағы көйлектерін дер уақытында бітіріп беруге тырысамын, – дейді ол.

Кейіпкеріміздің үйіндегі матаның түр-түрі, ине-жіп, түрлі бұйымдар көздің жауын алып, бөлме ішіне ерекше әр беріп тұр. Тапсырыс берушінің көкейіндегісін деп басу үшін ол ең алдымен ойындағысын қағаз бетіне түсіреді. Дайын болған эскизге жан бітіру мақсатында адамның түр-әлпетіне сай келетін мата, оған үйлесетін моншақ-тастарды таңдайды. Мәселен, қыздарға арналған бір көйлекті тігу үшін бір апта, кейде айдан астам уақыт жұмсалады. Ал ұлттық нақыштағы перделерді дайындауға 1-2 күн кетеді екен.

– Жалпы іс тігу, әшекей бұйымдар жасауға қыздар икемді. Мен де бала күнімнен осыған бір табан жақын болдым. Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша білімімді жетіл-діргендіктен, бұл іспен айналысу маған қиын емес. Кәсіби тұрғыда айна-лысып келе жат-қаныма көп уақыт бола қой-маса да, халықтың сұранысы мен лебізіне ризамын. Қызығушылық танытатындар өте көп. Жуырда Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшама жазылушылар саны 62 мыңнан асты. Онда тұрғындар тапсырыс беріп, идеяларымен бөліседі, – дейді Ұлдана.

Бала күнінен әдемілікке іңкәр болған кейіпкеріміз бойжеткенде ұлттық үлгідегі дүниелер тіксем деп армандағанын айтады. Журналдардан киім үлгілерін, ұлттық оюларды көрсе, қиып жинаған. Келе-келе бала кезгі арманына қанат бітіп, бүгінде ол өз ісінің маманы екенін дәлелдеуде. Алдағы уақытта өз ісін дөңгелетуді де ойлайды. Жүрек қалауымен атқарылған істің қайтарымы болады. Ұлдана ісмерлікпен қоса, іскерлікті қолға алса, еңбегі еселеніп, жұмысының игілігін көретініне сенімді.

М.СНАДИН

КӨЛІК ЖУУ ДА – БИЗНЕС

Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғыны Жанболат Өтелов жаңа жыл қарсаңында көлік жуу орталығын ашты. Сондай-ақ екінші кәсібі – фаст-фуд орталығының ашылу салтанаты да жаңа жылдық мерекеге тұспа-тұс келді. Отбасылық бизнесті қолға алған жас-жұбайлар тынымсыз еңбектің арқасында қос кәсіпті дөңгелетіп келеді.

– Жаңа жылға қарсы жаңа бастаманы қолға алдық. Анамның ақ батасымен кәсібімізді бастадық. Келіншегім донер орталығының жұмысын бастап кетті. Ол екі адамды жұмыспен қамтыды. Бұл жағымды жаңалық тек біз үшін ғана емес, барлық ауыл тұрғындары үшін қуанышты болды. Себебі абайлықтар ашылу салтанатына келіп, біздің кәсіпке береке тіледі. Кәсіп бастау бұрыннан келе жатқан идея еді. Соны жүзеге асыру үшін жаңа шабыт керек болған. Міне, осылайша бір емес, екі бірдей істі бастап кеттік. Алғашқыда кемшіліктер көп болады екен, білмейтін тұстар да жиі кездеседі. Дегенмен үйреніп кетеміз деген ойдамыз, – дейді Жанболат.

«Мерей» мөлтек ауданынан ашылған «Мерей» көлік жуу орталығында бүгінде келушілер саны көп. Жаз айында көлік жуу орталығына барудың аса бір қажеттілігі жоқ. Себебі аулада жүріп көлікті жуа салатынымыз жасырын емес. Ал қыста бұл орталық таптырмас жер. Дәл жанынан ашылған фаст-фуд орталығына келушілерге де жағдай жасалған.

– Көлік жуу орталығының дәл қасында фаст-фуд ашуға қолайлы орын бар екен. Содан қазіргі сұранысы артып тұрған фаст-фуд орталығын ашуды ойладым. Шыны керек көбіне фаст-фуд өнімдерін өзім де жиі аламын. Бірақ біздің ауыл қалаға қашық болған соң тапсырыс арқылы жеткізу қызметі қиынға соғады. Бұл ең бірінші ауыл тұрғындары үшін тиімді болды. Қазіргі таңда телефон арқылы керек затын айтып жібереді, мен қайтар уақытта өзіммен ала кетемін. Ауыл тұрғын-дарының тапсырысы жетерлік. Бұл ауылдан шыққан кәсіпкерлерді бір жағынан қолдау деп ойлаймын. Әйтпесе фаст-фуд орталығынан көп жер жоқ. Ал абайлықтар өзімізге тапсырыс береді. Донер жасайтын екі жігітті жұмысқа алдым, олар өз ісінің маманы, – дейді келіншегі Гүлжан.

Көлік жуу – еш жерде оқылмайтын кәсіп түрі. Оны тұрақты жұмысына айналдырып, отбасын асырап жүргендер қаншама?! “Бізге келушілердің талабы өзгеше. Бір кісілер көліктің сыртына аса көп көңіл бөледі, енді бірі көлік ішінің мұнтаздай таза болғанын қалайды. Тұтынушы-ның көңілінен шығу біздің міндетіміз. Көлік жуу барысында машинаның түсі аса маңызға ие. Өйткені қара көлікпен өзге көліктерді салыстыра қарайтын болсақ, қара көлікке суды, сосын көбікті көбірек жұмсауға тура келеді. Көліктің ішін жуғанда абай болу керек. Машинаның панелінің шаңын сүрткенде де түрлі әдістерді қолданған жөн. Мысалы «Mercedes» көлігінің панелін өзге көліктерге пайдаланатын сұйықтықпен сүрте алмайды. Оның панелі ағарып, ақтаңдақ болып қалады. Оны тек майлау керек. Осындай ұсақ-түйекке мұқият мән беріп жатырмыз. Себебі тұтынушы көңілінен шықпасақ екінші қайтара келмесі анық. Бұл жұмыс естілгенде оңай болып көрінуі мүмкін. Десе де жоғарыда атап өткендей, көліктің түсі мен маркасына қарап қолданатын заттарының бөлек болатынын аңғару қиын емес, – дейді кәсіпкер.

Кәсіпкерлер көбіне өз ісін бастау үшін мемлекеттің қолдауымен жүзеге асырады. Ал өз қаражатымен кәсіп бастайтындар санаулы. Өтеловтар отбасы – солардың бірі. Олар отбасылық кәсіп ашу үшін тәуекелге барды, бағдарламаларға сүйеніп, белгілі бір тегін грантқа ие болған жоқ.

Мөлдір САБЫРЖАН

Жылдық қорытынды бойынша қаржысы жағынан Tesla және SpaceX негізін қалаушы Илон Масктан асып түсіп, ең бай адам атанған кәсіпкер, Amazon желілік сату компаниясының иесі – Джефф Безос. Bloomberg миллиардерлер жүйесінің мәліметі бойынша өткен жылдың 6 мамырында американдық кәсіпкердің қаржысы 191 миллиард долларға бағаланған. Ал өнертапқыш, кәсіпкер Илон Масктың байлығы 184 миллиард долларға жетті.

ЕҢ БАЙ АДАМ КІМ?

Дегенмен шоттағы қаржысынан бөлек миллиардер өзге де жетістіктерімен мақтана алады. Себебі ол Amazon интернет алаңын құрушы ғана емес, әйгілі The Washington Post баспасының және Blue Origin деп аталатын алғашқы жеке ғарыш компаниясының иесі.

Джефф Безос 1964 жылы 12 қаңтарда Американың Альбукерке қаласында, Нью-Мексикода дүниеге келген. Ол кезде баланың анасы небәрі 17 жаста болатын. Джеффтің биологиялық әкесі ұлын тәрбиелеуден бас тартып, дүниеге келген соң, бірден отбасын тастап кетті. Джеффтың оны ешқашан көрмегені белгілі. Алайда төрт жылдан кейін анасы Мигель Безос есімді жас жігітті кездестіреді. Кубадан келген эмигранттың сүйген қызына үйленуі ер азамат ретінде орнығып, абыройлы отағасы болуына септігін тигізді. Мигель банкте жұмыс тауып, кішкентай Джеффке өз ұлындай қарап, тәрбиелеген. Кішкентай кезінен-ақ Джефф ата-анасын тапқырлығымен және ерекше ойларымен таң қалдырған. Мәселен, құрамалы керуетке ұйықтағысы келмеген соң, оны бұрағышпен бөлшектемек болған. Үйінің үлкені болған Джефф бірде інілері бөлмесіне кіргенін білу үшін өзі арнайы дауыстық дабыл орнатқан.

Орта мектепті бітіргеннен кейін Джефф электронды өлшеу құралдары факультетін таңдап,

елдегі ең беделді Принстон университетіне оқуға түскен. Сонымен бірге жас жігіт болашақтың жетістігі жаңа технологияда екенін түсініп, бағдарламалау мен компьютерді қолданудың қыр-сырын меңгерді. 1986 жылы Джефф Безос университетті бітіріп, бірден екі сала – электротехника мен информатика бойынша кәсіби маманға айналды. Оқуын бітірген ол бірнеше рет жұмысын ауыстырып, өзі байқамаса да, айналасындағылардан бизнесті басқару бойынша қажетті білім жиып жүреді.

Көп ұзамай өзінің көп нәрсеге дайын екенін сезінген жігіт жарқын болашаққа бағыттайтын жаңа жоспар, мақсатқа ұмтылады. Жұмыс орнын қайта-қайта ауыстыру барысында болашақ кәсіпкер жыл сайын онлайн-ритейлер, яғни интернет арқылы сауда жасайтындар бірнеше есе артып келе жатқанына назар аударды. Мұндай ақпарат Безосқа тікелей интернет-сату саласына көшуге мүмкіндік берді. Оның қарапайым зерттеуі адамдардың көбіне компакт-дискі, кітап, киім сияқты қажетті 20 тауарды интернеттен сатып алатынын көрсеткен еді. Алғашқы таңдау кітаптарға түсті. Безос компаниясының «Amazon» (Амазонка өзеніне байланысты қойылған) атауын алған бірінші кеңсесі гаражда орналасқан. Онда Джефф бірнеше компьютер орнатып, 1995 жылы жоспарға сай өз ісін бастайды. Арада бірнеше жыл өтті. Жобаның сәтті болғаны соншалық, 1999 жылы Amazon 6 миллиард долларға бағаланды. Джефф Безос жобаның дамуына жаңа инвесторларды тартып, ауқымын кеңейте түсті. Бір жылдан кейін корпорацияда бірінші дағдарыс орын алады. Бизнес әлемінде компанияны жақын арада құлдырайды деген қауесет тараған еді, өйткені нарықтық бағадан төмен тауарларды сату үнемі кіріс әкелмейді. Алайда 2001 жылдың өзінде-ақ нарық сарапшылары қателескенін түсінді, компания өз базасын сақтап қана қоймай, ассортиментті толықтырудың арқасында айтарлықтай кеңейді. Енді Amazon веб-сайтында кез келген затты сатып алуға болады. Осылайша интернет ақпары қарапайым ақпарат көзінен толыққанды сауда алаңына айналды.

2009-2010 жылдары Безос онкологиялық ауруларды қарастыратын ғылыми зерттеу орталығына қаржы құйды. Кейіннен кәсіпкерлік меценаттықпен жалғасын тауып, ғылымның дамуына қосылған идеяларды қолдау үшін «Безос» қоры құрылды.

Жинақтаған: Дина БӨКЕБАЙ

Жыл басы жағымсыз оқиғадан басталды. Жаңаөзенде тұтанған сұйытылған газ бағасына қатысты наразылық республика көлеміне тарап, әр өңірдегі қымбатшылыққа қарсы шеруге ұласқан. Алайда көп уақыт өтпей, әлеуметтік-экономикалық мәселені теріс пиғылды топ өз мақсатына пайдалану арқылы ел арасына іріткі салумен болды. Әлеуметтік желіде шеруге шақырған бейнеүндеулер тарап, мемлекеттік нысандарды басып алуға үгіттеген әрекет белең алған. Қызылорда облысында да бейбіт басталған митинг сәт өткен сайын сипатын өзгертіп, соңы жаппай тәртіпсіздікке ауысты. Себебі деструктивті топтар көпшілік арасына кіріп, ғимарат пен мүлікті өртеп, қарапайым халықтың үрейін туғызды. Осылайша аз-ақ күнде аласапыран орнаған қалада өртенген көлік, қираған ғимарат көбейген...

БІРЛІККЕ СЫЗАТ ТҮСПЕСІН

Бүгінде аймақтағы жағдай біршама оңалғанымен, оқиғаның салдары адам айтқысыз кейіпте. Мәселен, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазыловтың дерегі бойынша шеру күшейген 5 қаңтар күні 168 адам ауруханаға түсіп, 70 адам ем алса, 6 қаңтар күні 14 азамат медицина қызметкерлерінің көмегіне жүгінген. Ең ауыры, олардың қатарында қаза болған азаматтар бар. Қазір митинг кезінде жарақат алған 20 адам дүние салса, 26 адам жансақтау бөлімінде жатқаны белгілі болып отыр. Бұл 7 қаңтардағы дерек ғана. Зардап шеккендерге көмек беру үшін барлық аурухана мен жедел жәрдем қызметі штаттық, күшейтілген режимде жұмыс істеуде.

СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗДЫҢ «САЛҚЫНЫ»

Маңыстау облысында митингтегі жұрттың негізгі талабы сұйытылған газ бағасының қымбаттауы болғаны анық. Шеруге шыққан халықтың қалауы да айқын еді. Бағаны төмендету, нарықтағы тұрақтылықты сақтау. Ішін ала өзге өңірлер негізгі мәселеге өз талабын қосып, қордаланған олқылықты билік назарына ұсынды. Көп өтпей, Мемлекет басшысы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты жиын өткізіп, үкіметтік комиссия ұсынған шаралар қолға алынатынын айтқан болатын. Президент өз сөзінде:

– Біріншіден, мен Маңғыстау бойынша Үкіметтік комиссияның ұсынған шаралар кешенін мақұлдаймын. Екіншіден, монополияға қарсы органға Кәсіпкерлік кодексінің 119-бабына сәйкес сұйытылған газдың бағаларын 180 күнге уақытша бағалық реттеуді енгізуді тапсырамын. Облыстарда халық үшін шекті бағалар өткен жылдың соңындағы баға деңгейінен аспауға тиіс. Үшіншіден, Үкіметке сұйытылған газды электрондық сауда алаңдары мен биржалар арқылы өткізуге толық көшуді бір жылға шегеруді тапсырамын. Осы кезеңде нормативтік-құқықтық базаны мұқият әзірлеп, сауда алаңдары жұмысының ашық болуын қамтамасыз ету, бағаның күрт өсуін шектеу тетіктерін енгізу қажет. Төртіншіден, Бас прокуратураға басекелестікті қорғау агентігімен бірлесіп, бағалық сөз байласу мен өзге де басекелестікке қарсы іс-әрекеттерге қатысты тергеу жүргізуді тапсырамын. Тергеуді жедел жүргізіңіз. Жиырма күн ішінде есеп беріңіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тапсырмасынан соң республика көлемінде сұйытылған газ бағасы 50-70 теңге көлемінде белгіленсе, Қызылордада бұл көрсеткіш 60 теңгеге төмендеді. Осылайша Маңғыстаудағы талап орындалып, қалаған шешімге қол жеткізген халық үй-үйге тарқасқан. Облыс әкімі Ғүлшара Әбдіқалықова кеше үндеу жариялап, аймақтағы қоғамдық-саяси ахуал тұрақты бақылауда екенін жеткізді.

ЛАҢКЕСТЕР ЛАҢЫ

Мәселе осы тұстан түйінделе еді. Алайда ниеті теріс топтардың арандатуы, ланкестердің озбырлығы салдарынан жаңа қақтығыс, ашық майдан орын алды. Ланкестер әр аймақта, әсіресе, Алматы қаласында қарулы күштермен қақтығысқа түсіп, мемлекеттік және әскери нысандарды басып алуға күш салуда. Мемлекеттік нысандарды басып алудағы мақсат тұрақсыздық тудыру болса, әскери нысандарға шабуыл ниеті – қару-жараққа қол жеткізу.

Алайда құқық қорғау органдарының айбынды қызметкерлері қайсарлықпен қарсы тұрып, содырлардың жолын бөгеуге ұмтылды. Қаншама боздақ көз жұмып, ондаған отбасы қара жамылды. Қазір де оқ пен оттың ортасында елінің амандығы үшін басын қатерге тіккен сарбаздар ұрыс жүргізуде. Оқиға жаңа сипат алған тұста Президент Қауіпсіздік кеңесінің жиынын өткізіп, ауыр қылмыстың артында топтасқан террористердің тұрғанын мәлім етті.

– Осыған байланысты біз ланкестерге тойтарыс беру үшін оларға қарсы операция жүргізуіміз қажет. Мен террористерге қарсы штабты басқарамын. Бұзақылар жасаған террористік актінің ұйымдастырушылары – нағыз террористер. Олардың қазіргі уақытта Алматы мен басқа да қалалардағы істеп жатқан жүргенсіздігі бізге белгілі. Инфрақұрылымдарды, ең бастысы, қару-жарақ сақталған қоймаларды басып алуда. Училище курсанттарымен ұрыс жүргізіп жатыр. Қазіргі уақытта Алматының түбінде Қорғаныс министрлігінің әуе-десант бөлімшелері ұрыс жүргізуде, – деді Мемлекет басшысы.

Осы аралықта ел көлемінде интернет шектеліп, кей ұялы байланыс операторлары бұғатталды. Ланкестердің ақпарат алмасуы мен жалған мәлімет таратуына қарсы жасалған қадам біршама нәтиже көрсетті. Өңірлердегі жағдай тұрақталып, ел назары Алматыға ауды. Ал арада күн салып, оқиғаның бағыт-бағдарынан хабар берген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 7 қаңтар күні ланкестікке қарсы штабтың отырысын өткізді. Жиын барысында қазіргі ахуал, сондай-ақ ланкестікке қарсы іс-қимылдардың барысы мен өңірлердегі жағдай қарастырылды.

– Антитеррор операциясы басталды. Күштік құрылымдар қауырт жұмыс атқарып жатыр. Негізінен бүкіл өңірде конституциялық тәртіп қалпына келтірілді. Жергілікті органдар жағдайды бақылауда ұстап отыр. Алайда ланкестер қару қолданып, азаматтардың жеке мүлкіне залал келтіруде. Сондықтан ланкестікке қарсы іс-қимылдар содырларды толық жойғанша жалғаса береді, – Қасым-Жомарт Тоқаев.

Міне, әзірге елді түршіктірген оқиғаның аяқ-алысы осыған саяды. Аз күннің ішінде суттей ұйған халыққа бүлік салып, азан-қазан күй кештірген содырлардың жаза алар күні жақын. Әрине, келген материалдық шығын қалпына келер. Дегенмен Қазақстанның басты байлығы – адам өмірін жалмаған залал мәңгі ұмытылмас. Қайғырған ана, қара жамылған отбасыға сабырдан басқа тілер тілек қалмады...

P.S. *Айта кетейік, аталған оқиғадан соң мемлекеттік құрылымда бірқатар өзгеріс орын алды. Алдымен Президент пәрменімен ел Үкіметі тарады. Үкімет мүшелері жаңа құрам жасақталғанша, өз міндеттерін атқара береді. Ал Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі міндеттерін уақытша атқару Әлихан Смайыловқа тапсырылған. Сонымен қатар Республиканың мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев лауазымынан босатылып, оның орнына Ерлан Қарин тағайындалса, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Мұрат Нұртілеу ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарады. Оған қосаМемлекет басшысының Жарлығымен Кәрім Мәсімов Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы лауазымынан босатылып, орнына Ермек Сағымбаев келді.*

Берен ШАҒЫРОВ

◀ ОҚИҒАҒА ОРАЙ

Бақберген ДОСМАНБЕТОВ, мемлекет және қоғам қайраткері:

– Қашаннан да ел бірлігі, ынтымағы, татулығы маңызды. Қандай жағдайда болсын, қоғам қауіпсіздігін сақтау – әрбір азаматтың парызы. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге дейінгі жетістігі барша тұрғындардың ауызбірлігі арқасында жүзеге асты. Сондықтан қай кезеңде де сабырлықты ту етіп, кез келген түйткілді мәселе бойынша ортақ шешім қабылдауымыз тиіс.

Әрине, елімізде болған келеңсіз жағдай мемлекеттің өсіп-өркендеуіне тілеулес барша халықты ойландырады. Қазақстанның ірі қалалары мен барлық өңірлерінде халық арасына іріткі салуды көздеген бұзақылар террористік акті ұйымдастырды. Олардың басбұзарлығы, жүгенсіздігі қарапайым халықтың қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылымға орасан зиян келтірді. Тіпті, мұндай жат пиғылды адамдар қару-жарақ сақталған қоймаларды басып алып, ел сеніміне үрей туғызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кең ауқымды антитеррор операциясы жүргізіліп жатқанын жеткізді. Осыған байланысты Президенттің Қауіпсіздік алқасы жөніндегі шартқа сүйене отырып, ҰҚШҰ мемлекеттерінің басшыларына осы террористік қауіпті еңсеру үшін Қазақстанға көмек көрсетуге жүгінді. Шын мәнінде, мұндай келеңсіз жағдай мемлекет тұтастығына нұқсан келтіру, азаматтарымызға шабуыл жасау екені белгілі. Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында азаматтардың игілігін, қауіпсіздігі мен тыныштығын ойлау – Конституциялық міндеті екенін айтып өтті.

Тарихтан білетініміз, халқымыз ешқашан орынсыз басбұзарлыққа, жауапсыздыққа, жүгенсіздікке жол берген емес. Рас, тұрғындардың әлеуметтік тұрмысында бірқатар қиындық туындады. Осы орайда білікпен ортақ диалог құра отырып, бұл мәселенің шешім табуына назар аударғанымыз дұрыс. Қайсыбір проблеманың да шешімі болады. Оны кезең-кезеңімен орындап, әрбірімізге қолайлы жағдай жасау – басты міндет.

Біздің халқымыз сөзге тоқтап, әділдік туын көтере білген. Әрбір ата-ана өз баласының ел ішіне іріткі салғысы келген базбіреулердің жетегіне ермей, жүгенсіздікке жол бермеуін қатаң қадағалауы тиіс. Ол – ел дамуына жанашыр әрбір азаматтың ортақ парызы. Ойланайық!

Талғат ТІЛЕС, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» директорының орынбасары:

– Маңғыстауда газ бағасын төмендетуді мақсат еткен оқиға өзге облыстарда жалғасын тауып, тіпті соңы қарулы қақтығысқа ұласады деп ешкім болжамады. Елдің тыныштығы бұзылып, күтпеген оқиғалар орын алғаны рас. Мұның барлығы бізді аландатады. Бірақ көптің тілегі орындалып, қазір жағдай тұрақталу үстінде.

Ел – өзіміздікі, қала – ортақ үйіміз. Алдағы уақытта құзырлы органдардың тиісті шараларын соң аймақтың белсенді жастары, еріктілері қаланы қалпына келтіру ісіне атсалысады. Буған дейін облыс көлемінде NEET санатындағы жастарды анықтау шаралары жүйелі жүргізілген болатын, ендігі кезекте аталған жастармен жеке-жеке кездесу ұйымдастырылып, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулу, шығармашылық қабілетін арттыру бағыттары бойынша жұмыс жалғасады. Алдағы уақытта адрестік жұмыстар негізінде тиісті ұсыныстар жинақталып, жауапты органдарға жолданатын болады.

Осы орайда сырбойылық жастарды Президент үндеуін басты назарға алып, ел өркендеуіне үлес қосуға, жұдырықтай жұмылуға, бірлікке шақырамын!

Мұрат НАСИМОВ, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Болашақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры:

– Бейбіт шеру өзге қалаларда да жалғасын тауып, оқиғалар бірінен соң бірі тез ауысты. Ел-жұрт та, еркін ойлы тұлғалар да мән-жайды болжап үлгермеді. Мұның бәрінің артында кім немесе қандай топ тұрғанын білмеймін. Абсолютті түрде террористердің жоспарлы әрекеті деп те айту қате. Сондықтан бүлікке ұласқан жағдайдың ақиқатын арнайы құрылған зерттеу тобы көрсетеді деп сенемін. Дәл қазір ақ-қарасын ашып алмай, мынау кінәлі дей салу оңай. Дегенмен оқиға барысындағы кішкентай элементтерге де назар аударып, айтылмай қалған, көрінбеген тұстарын бақылау арқылы бәріне көз жеткізетін күн алыс емес.

Оқиғаның бейбіт шеруден бүлікке, адам қазасы мен әлеуметтік, тарихи маңызы бар орындарды өртеуге жалғасқаны – тосын жайт. Дегенмен бір-ақ сәтте, жоспарламаған күйі мұндай дүмпу тудыру мүмкін емес. Демек бағаның арзандауын талап еткен жұрттың жиылуын өз мақсатына қолданғандар қатары болуы да мүмкін. Аштықты да, талай зұлматты да бастан өткізген қазақ халқы бір-біріне зиян келтіріп, елге ортақ, мемлекетке ортақ маңызды орындарды қиратпайтын шығар?! Жастың да, жасамыстың да ортақ қалауы өмір сүруге қолайлы, бейбіт һәм тәуелсіз елде ғұмыр кешу болса керек. Ендеше неге өз қалауына қарсы шығып, тыныштықты бұзады? Себеп көп, шешім жалғыз. Сондықтан «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты», Мағжан сенген жастардың болашағына жақсы жағдай жасап, өзіміз қалаған қоғамды құру – өз қолымызда. Жастарды арандатушылардан, әлеуметтік желіде жалған ұранмен өз жағына шақырған топқа сенбеуге шақырып, елдің ұйытқысы болуға ұйымдасуға шақырамыз!

Ал ағa буын мен оқиға барысында ұл-қызынан айырылған ата-аналарға сабыр тілеймін! Мемлекеттің басты капиталы – адам мен оның өмірі екенін ұмытпайық!

Төтенше жағдайда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жедел штаб отырысы туралы

«Қызылорда облысында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №736 жарлығына сәйкес және Қызылорда облысында «Төтенше жағдай» жариялануға байланысты жедел штаб отырысының қорытындысы бойынша келесіні БҰЙЫРАМЫН:

1. Қызылорда облысының полиция департаменті:

1.1. жедел әрекет ету тобын құру туралы бұйрық әзірленсін;

1.2. ҚР Ұлттық Ұлан №5547 әскери бөлімі, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері бірлесіп, Қызылорда қаласы және аудандардың кіру-шығу автомобильдік тасжолдарына қарулы блок-посттар және төтенше жағдай уақытында (сағат 23:00-ден 07:00-ге дейін) адамдардың қоғамдық орындар мен көшеде жүруіне және оның құралдары қозғалысының ерекіндігіне шектеулер қойылсын.

2. Қызылорда облысының полиция департаменті, Қызылорда облысының прокуратурасы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті, Қызылорда облысының қылмыстық-атқару жүйесі департаменті, Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаменті, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті, ҚР Ұлттық Ұлан №5547 мемлекеттік күзет қызметі басқармасы, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері:

2.1. қоғамдық тәртіптің сақталуын, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ тыныс тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуі күшейтілсін;

2.2. жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеру қамтамасыз етілсін;

2.3. бейбіт жиналыстарды, ойын-сауық, спорттық және басқа бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тиым салынсын;

2.5. ереуілдерге және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың өзге де әдістеріне тиым салынсын;

2.6. ҚР ДСМ медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірлесіп, қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, арнаулы құралдар, улы заттар сатуға тиым салынсын, дәрі-дәрмектің, есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың ерекше режимі белгіленсін;

2.7. жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәріні, улы заттарды уақытша алып қою, ал заңды тұлғалардың қаруға, оқ-дәріге және улы заттарға қоса әскери және жауынгерлік оқу техникасын, жарылғыш және радиоактивті заттарды уақытша алып қою қамтамасыз етілсін;

2.8. Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратының күзетілуі күшейтілген режимді қамтамасыз етсін.

3. Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаменті Қызылорда облысында төтенше жағдайдың және коменданттық сағат енгізілуі бойынша хабарламаларды ұялы байланыс арқылы (sms) облыс тұрғындарының назарына жеткізсін.

4. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы ҚР ДСМ медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаменті, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бірлесіп:

4.1. облыс көлемінде азық-түлік дүкендері, дәріханалардың жұмыс уақыты сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін шектелсін;

4.2. облыс көлемінде алкогольдік өнімдердің сатылуына тыйым салынсын;

4.3. облыс көлемінде кафе-барлар, мейрамханалар, гипер, опто, супермаркеттердің, қоғамдық моншалар, сауналар, спорттық ұйымдар, ойын-сауық орталықтарының қызмет уақыты тоқтатылсын;

4.4. облыс аумағында орналасқан барлық қару-жарақ және арнайы құралдарды сататын дүкендер жабылсын.

5. Қызылорда облысының желілік полиция бөлімі әуежай, теміржол мен автовокзалдарға кіру шектелсін (жолда жүру билеті барлар, шығарып салушыларсыз және оларды сатып алуға келгендер ғана кіргізілсін).

6. Барлық мемлекеттік және арнайы органдар барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерге келтірілген шығын көлемі есептелсін.

7. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы, Қызылорда қаласының әкімі:

7.1. Полиция жедел жасағының қозғалысын қамтамасыз етуге 4 автобус бөлінсін;

8. Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы төтенше жағдай жөнінде, орналастырылған блок-посттар туралы және төтенше жағдай кезінде жұмылдырылған қызметкерлердің жұмысының нәтижелерін түсіріп, жарияласын.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізілсін және орындалу мерзімі арнайы шешім қабылданғанға дейін күшінде сақталсын.

Облыстық полиция департаментінің бастығы, аумақтық комендант Б.Ж.СҰЛТАН

«АУЫЛ МЕН ҚАЛА БАЛАСЫ ТЕҢ ОҚУ КЕРЕК»

Бүгінде білімді жастардың грантқа қол жеткізіп, қалаған маман иесі атануына мүмкіндік мол. Кешегі Мағжан сенген Сыр жастары мұны қаперге алған. Әсіресе, аудандар арасында қазалылық оқушылардың қадамы қарышты. Облыс бойынша ұйымдастырылған «Үздік орта білім беру ұйымы» конкурсында жүлделі атануы да сондықтан. Білім саласында көш бастаған Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицей ұжымы бұған дейін 17 млн теңге грант қаржысын иеленіп, қазыналы өлкенің мерейін тасытқан болатын. Мұндағы білім алушылар интеллектуалдық сайыстардың жүлдесінен де құр алақан емес. Өткен жылы олардың шын дарынның ауылдан шығатынын дәлелдегені есте.

Республикалық «Мың бала» олимпиадасында №249 мектеп-лицейден 67 шәкірт бақ сынап, оның 21-і жеңімпаз атанған. Ал ол республика бойынша жоғары көрсеткіш болды. «Елбасы академиясы» корпоративтік қоры 4 мыңнан аса мектептің ішінен суырылып шыққан білім ошағына 2 миллион теңгенің қаржылай сертификатын табыстады. Бұл – білім саласына деген қолдаудың көрінісі. Ұстаздардың оқу үдерісінде заманауи технологияны тиімді пайдаланып, жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануының жемісі. Мектеп-лицей директоры Батырбек Тәңірбергеновпен тілдескенімізде, жетістік аудан абыройын асқақтатып, ұжым еңбегін еселегенін айтты. Шынында, бұл – ұрпақ тәрбиелеу міндетін мойнына алып, бала бойындағы ізденісті арттыруға үлес қосып жүрген жандардың ортақ еңбегі. Орайлы сәтте айта кетейік, дәл осы мектепте «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті наградасын республикада алғаш болып иеленген педагог Жәмилә Әбжан секілді өз ісінің майталман мамандары сабақ береді. Мектептің материалдық-техникалық базасы ақпараттық технология бағытында жабдықталуда. Мұнда көпсалалы ғылымның тереңіне бойлауға мүмкіндік көп. Екі биология, физика, химия, үш лингафон кабинеті бар. Сонымен қатар робототехника, IT бойынша жұмыс істеуге арналған кабинеттер жасақталып, ақпараттандыру орталығы ашылған. Қазір оқушы барлық үйірмені бір блоктан таба алады және мұндай үйірме саны 4-ке жеткен. Мектеп-лицей республикалық «Үздік онлайн мектеп» байқауында топ жарған тұста Bilimbook интерактивті панелін жеңіп алған. Жоғарыда айтылған 17 млн теңгеге бейнесабақ түсіру кезінде пайдаланылатын теледидар мен ақпараттық материалды шығаруға арналған түрлі-түсті принтер, LED экран, Bilim-Book интерактивті панелі, компьютер құрылғысы орнатылған биология, химия, физика және тағы да басқа пәндерді терендете оқытуға арналған ROQED құрылғысы алынған.

– Жастардың ғылымға ден қоюына жағдай жасаудамыз. Бұған дейін жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытындысымен мектеп-лицей «Ең үздік ауыл мектебі» аталымына лайық танылып, елдегі үздік 116 олимпиадалық мектептің қатарына енді. Сондай-ақ, біз Білім және ғылым министрлігінің «Дебат қозғалысын жандандыру және мектептегі өзін-өзі басқаруды дамыту» тапсырмасы бойынша жұмысты жалғастырудамыз. Облыстық білім басқармасына қарасты «Дарын» қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен мұғалімдер арасында өткен «Ұшқыр ой алаңы» облыстық дебат турнирінде мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі Сымбат Тиышбай «Ең білімді ойыншы» номинациясын иеленді. Кәмшат Бақанқызы «Үздік логопед – 2021» облыстық байқауында жеңімпаздар қатарынан табылды. Ауыл балаларының қабілетін ашуға барын салып жүрген мектеп ұстаздарының әрбірі марапат-сыйдан кенде емес және алдағы уақытта, жаңа жылда да біз осы қарқынмен биік белестерді бағындыратын боламыз, – дейді мектеп-лицей директоры.

Миллионер мектептің оқушысы, «Мың бала» сайысының финалисі Әйгерім Есқали да жоғары нәтижеге осындай мүмкіндіктердің, ұстаздар берген білімнің арқасында жеткенін айтты. Осыған қарап, Ұлы Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген өсиетін жастар жете ұғынған және олар ізденіске іңкәр деуге әбден болады. Бастысы, Президент жүктеген «Ауыл мен қала баласы тең оқу керек» деген білім деңгейін теңестіру міндеті жүйелі іске асып отырғаны қуантады.

Айлин МАНСҰРҚЫЗЫ

Сәкен ҚАНЖАР, «Самғау - 2021» жастар сыйлығының иегері, жас ғалым:

БІЗДІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ БӘРІ – «ХИМИЯ»

– Сәкен, осы кезге дейін алты ғылыми еңбегіңіздің ҚР патенттері түрінде жарық көргенін білеміз. Бұл қандай жобалар, ерекшелігі неде? Ең алғаш зерттеу жұмысы қалай басталды?

– Қызылорда облысы күріш өндіруден көшбасшы екенін білесіздер. Күріш қалдықтары құрамында кремний болғандықтан, оның ыдырау барысы ұзақ уақыт алады. Сондықтан күріш қалдықтарын өңірде өртейді, бұл экологияға зиян келтіреді. Осыны ескере отырып, күріш қалдықтарынан белсендірілген көмір, биочар, кремний диоксиді, аморфты кремний, целлюлоза және КМЦ алынып, аталған заттар бойынша ғылыми еңбектер жарық көрді. Ең алғаш зерттеу жұмысы оқуға түскен сәттен басталды. Жетекшім, химия ғылымдарының кандитаты, профессор Нұрбол Аппазов қондырғылармен таныстырып, сол жылы күріш қалдығынан белсендірілген көмір алдық. Содан соң белсендірілген көмірдің зерттеулерін жасай бастадым.

– Белсенді студент қатарынан екенсіз. Бәріне қалай үлгересіз? Жалпы сізді жас ғалым ретінде танитынымыз рас. Алайда біз білмейтін тағы да қандай қабілетіңіз бар?

– Өзімді белсенді студент санамаймын, себебі біздің университетте белсенді студент деп іс-шараларға қатысатын әнші, биші, басқа да енергілі жастарды айтады. Мен тек ғылыммен айналысамын. Бос уақытымды зерттеуге арнаймын, қалған студенттер оқудан кейін үйге қайтатын болса, мен кешке қалып зерттеулермен айналысамын, тіпті түнге дейін қалып жұмыс істеген кездерім де болды.

– Қазір қандай ғылыми еңбек бойынша зерттеу жүргізудесіз? Сіз таңдаған мамандыққа деген қоғамның сұранысы қандай? Жас мамандар үшін облыс аумағында тәжірибе жүргізуге, жан-жақты ізденуге мүмкіндіктер қарастырылған ба?

– Суды тазалауға қатысты зерттеу жүргізудемін, бірақ нақты тақырыбы әзірге күпия болсын. Иә,негізінен жастар бұл мамандыққа көп қызыға бермейді, себебі химия күрделі ғылым. Бірақ ізденемін деген адамға ештеңе кедергі емес. Облыста осы саланы үйренемін деген жастарға бағыт көрсетіп, химияға деген қызығушылықты арттыру керек. Себебі бізді қоршаған ортаның бәрі – «Химия».

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен: Гүлдана ЖҰМАДИН

ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА ТӘЖІРИБЕ

«Өрлеу» БАҰО» АҚ облыстық филиалы және облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ комитетімен бірлескен шығармашыл ұстаздардың тәжірибе алаңы басталды. Шараға облыс бойынша қалалық, аудандық білім бөлімдерінен 88 мұғалім қамтылды.

«Тәжірибе алаңы» педагогтардың шығармашылық қабілетінің ашылуына септігін тигізген жоба екенін алдымен комитет төрағасы Гүлнар Есқалиева тарқатты. Жоба ұстаздар қауымының үздік әдістемелік тәжірибесін айқындау, тарату, олардың кәсіби шеберлігін арттыру, мәртебесін көтеру және әдістемелік жұмыс жүйесінің бірегейлігін сақтау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Бұған дейін де аудандардан үздік шығармашыл педагогтар топ жарған еді. Алдағы уақытта көшбасшылардың тәжірибесін қажетке жарату маңызды.

Кафедраның аға оқытушысы Серік Құсейінов, Жанар Жұбауова тәжірибе алаңының бағдарламасын табыстады. Айта кетейік, облыстық тәжірибе алаңына қалалық білім бөлімінің әдіскері мен қала мектептерінен жасақталған ұстаздар қатысуда.

ACESYRI ҚАНДАЙ ЖОБА?

Еуропа Одағының Эразмус+ бағдарламасы аясында Қорқыт ата университетінің бас оқу ғимаратында ACeSYRI жобасының орталығы ашылды.

Оқу орны "Информатика саласындағы PhD докторанттары мен жас зерттеушілерге арналған алдыңғы қатарлы орталық" (ACeSYRI) жобасына қатысады. Бірлескен жоба докторанттар мен жас зерттеушілер, Қазақстан және Еуропалық Одақ елдері арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында жүзеге асырылуда.

ACeSYRI жобасының басты мақсаты – Еуропалық Одақ университеттерімен халықаралық ынтымақтастықты дамыту негізінде жас ғалымдар, PhD докторанттардың информатика (компьютерлік ғылымдар) саласындағы ғылыммен айналысуы үшін жағдай жасау, Қазақстанда виртуалды портал мен орталықтарды әзірлеу.

Орталық жөнінде Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбіткүл Кәрімова келесідей пікір білдірді.

– Жобаны үш жыл бойы 3 еуропалық (Словакия, Франция, Польша) және 9 қазақстандық университет жүргізеді. Атап айтсақ, Назарбаев Университеті, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық университеті, Сүлейман Демирель университеті, Алматы энергетика және байланыс университеті, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Бұл жоба білім алушыларға жаңа серпін береді деп сенемін. Сонымен қатар, жастардың зерттеу жұмыстарын жүргізуге зор мүмкіндік бермек, – дейді ол.

ACeSYRI жобасы арқылы елдегі жоғары білім беру жұмыстарына жаңғырту енгізуге болады. Орталық қатысушылардың халықаралық зерттеу топтарымен тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Магистранттар мен PhD докторанттар, сондай-ақ жас оқытушылар өз зерттеулерін университеттің ғылыми порталында орындап, ғылыми мақалалармен танысып, шетелдік кеңесшілерге жүгініп, мақалаларына рецензия алуына мүмкіндік тумақ. Сондай-ақ, жоба консорциум профессорлары мен ғалымдарынан кеңес алуға жол ашады.

«ӨРКЕН» ГРАНТЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы 2022-2023 оқу жылында білім алу үшін үміткерлерге Тұңғыш Президент – Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындауға конкурс жариялайды. Құжат қабылдау 5 қаңтардан 21 ақпанға дейін жүргізіледі. Кешенді тестілеу 14-15 сәуір күндері өтеді.

Үміткерлер конкурстық іріктеуге қатысу үшін қабылдау комиссиясына қандай құжаттар тапсыру қажет? Үміткерге қандай талаптар қойылады? Біз бұл жөнінде қаладағы Назарбаев зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы Елена Рыбинадан сұрап білдік.

– Оқушы конкурсқа қатысу үшін өтініш беріп, сауалнама толтырады. Үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі, заңды өкілдің ЖСН-і көрсетілген жеке куәлігінің көшірмесі қажет. Үміткердің соңғы оқу жылындағы үлгерімі мен тәртібінің, егер үміткер оқу жылын аяқтамаған жағдайда оқуын жалғастырылып болса, І жартыжылдықтағы үлгерімі мен тәртібі туралы табелінің көшірмесі қажет. Талап етілген құжаттар оқитын мектеп басшысының қолымен расталып, тиісті білім беру ұйымының мөрімен бекітіледі. Үміткердің графикалық файл түріндегі цифрлі фотосуреті құжат тапсыру кезінде қабылдау комиссиясында жасалынады, – дейді ол.

Сондай-ақ баспасөз хатшысы өтініштi конкурстық іріктеуге қатысуға белгіленген мерзімінен кешіктіріп тапсырса, құжаттар бекітілген тізім бойынша толық болмаса қабылданбайтынын ескертті.

ЗӘМЗӘНІҢ КӨК ДӘПТЕРІ



Осыдан тура он жыл бұрын мен оны Зәмзәгүл әпке дейтінмін, қазір жай ғана – Зәмзә деймін. Мұныма өкпелеп, шала бүліну Зәмзәның болмысында жоқ. Керісінше мырс етіп күледі. Оның күлгені де қызық. Күлгенде алдымен көзәйнегі жоғары көтеріледі, сондықтан да кейде маған Зәмзәдан бұрын көзәйнегі күлетін сияқты көрінеді. Жылдар өте келе Зәмзәның «әпке» деген тіркесінің түсіп қалуына, оның менімен тең құрбыларша сыр ақтарып, өзіне тым жақын тартатынынан туындады ғой деп ойлаймын. Бағзыдан әпке санап жүрген туыстарымның арасынан Зәмзәны ерекше бөліп-жарып «Зәмзә» деуімнің басқа ешқандай себеп-салдары жоқ еді.

Зәмзә – әкемнің туған қарындасы, қаншасыншы қарындасы екенін де білмеймін, жеті қарындасының ортаншысы, әлде соңғыларының бірі. Оны кейде өзі де ұмытып қалған секілді көрінеді. Зәмзә да әкем секілді сұңғақ бойлы, сүйекті, ірі. Ақсарының рендісі. Сондықтан да ол кейде менің шешеме тартқан кішірек бойыма, талдырмаш тұлғама жаратпай қарап, «Сен тек биік өкшелі туфли ки, саған жайтабан киюге мүлде болмайды, бойың аласарып, тапал көрінесің» дейді. Онысына мен кейде өкпелеп қаламын, кейде қараптан қарап тәжікелесем. Оның маған үнемі жігіт іздеп жүретініне ашуланамын. Қай жерге ертіп бармасын, құрбысының үйіне қонаққа барсақ та, саябақта қыдырыстап жүрсек те, дүкеннен азық-түлік алып тұрып та ол төңірегінен маған лайық болар жігіт іздеп жүреді. Үйдің қарсы бетіндегі азық-түлік дүкеніне нан алуға жұмсап, соңынан қоса қабат ілесіп шығады. Көзімен ішіп-жеп бара жатқан дүкеннің жылмағай сатушысына қарап:

– Сіңлім ғой, бойдақ! Жасы 29-да, шаруаға епті! – деп қойып қалады. Сол сәтте менің жылмағай сатушымен көзім ұшырасып, бетімнің ұшы ду ете түседі. Үйге келген соң:

– Осы сенің есің дұрыс емес шығар. Көрінген қу аяққа мені таныстыра беретінің не әдет? Мақұл бойдақ екем, жасымды неге айтасың?! Ұялып өлгенім-ай! Құтыла алмай жүрсің бе менен? Мүмкін анда-санда үйіне келгенімді жақтырмай жүрген шығарсың, жақтырмасаң айт, кетейін, – деп бұлқан-талқан болам.

– Әй, онда тұрған не бар екен? Сыпыра мақтасаң, сыпырғыны да бай алады деген. Таныса берсей, жасың болса келді, бай тандайтын заман емес, – дейді бетіме бажырая қарап.

– Осы сен неге менің көңіліме қарамайсың?! Мен сатушымен не туралы әңгіме айтамын? Біздің ортақ тақырыбымыз да жоқ қой.

– Ыхы, не туралы әңгіме айтам дейді ғой... Немене ерлі-зайыптылар азаннан кешке дейін әңгіме айтады деп ойлайсың ба? Оооо, жазғааан. Хеех-eh-hex... жезденді көрмейсің бе, азанда кетеді, кешке келеді. Оның бір ғана әңгімесі бар «тамақ» деген, қалған күндері аузын буған өгіздей. Төбесіне шәйнек қайнатып жатсаң да мыңқ демейді. Жоғары талғам иесі болуында доғарсаң, әлдеқашан байға тиіп бақытты болар едің. Мен жезденмен танысқанда ол да базарда сатушы болатын. Құдайға шүкір, қазір – таксист, – деді танауы аспандап.

– Ха! Так-си-ст! Қызыл теңіздің жағасынан вилла сатып алсаңдаршы онда, – деп теріс қарап мырс еттім.

Ол әдеттегіше үндемейді. Іштей мені сөге жамандап жазғырып тұр, сәйтсе де бірдеңені айта алмай бөлме ішін айналып теңселіп жүрді де қойды.

– Мен сені ойлаймын ғой, – дейді сосын тұнжырай.

Мен өкпелеген болып оның қызының сықырлауық керуетіне бүк түсіп жатып қалдым. Ол айналшықтап жүріп, кереуеттің шетіне отырады.

– Мен сені ойлаймын ғой,– дейді қайталап. Мен көрпені басыма дейін тартып тас бүркенді аламын. Ол көрпенің астынан бұрқырап шығып жатқан шашымды сипап ұзақ отырады.

– Білесің бе, мен сені...

– Қойшы Зәмзә! Ойлағаның осы ма? Кез келген көшедегі адамға ілестіріп жіберуге әзірсің. Мен саған көгенде жүрген қозымын ба, әлде өрістегі қара сиырмын ба? Неге маған тыныштық бермейсіндер?! – деп көрпенің астынан бүлк-бүлк етемін.

Зәмзә көрпенің сыртынан жотамнан қағып-қағып қояды. Мұнысы мені еркелеткен түрі. Мен көрпені бүркенген қалпы келесі бүйіріме аунап түсіп көрпе астынан бүлкілдап сөйлеп, соңынан қорс-қорс етіп жылап алдым. Және күллі дүние жүзіне күйеуге тимеген қыздардың атынан арыз айттым.

Зәмзә менің сөздерімнің біріне де үн қатпады. Оның ендігі жерде қолы бос емес еді. Зәмзә әлдеқашан ас бөлмесіндегі сүйікті орнына жайғасып көзәйнегі мұрнының ұшына түсіп, көк дәптеріне шұқшиып бірдеңелер жазып отыр... Жооох, Зәмзә ақын не жазушы да емес. Зәмзәның адам баласына еш зиянсыз қызық ермегі бар. Ол біздің әулеттің басы бос кіл бойдақ қыздарының тізімі жазылған көк дәптерді жүргізеді.

Ол дәптердің тарихы мен мектепті аяқтаған 2007-2008 жылдардың орта шенінде басталды. Сол жылдары Зәмзә мені өзінің қайныларымен, достарының менімен құралыптас ұлдарымен, жұғымсыз көршілерімен таныстыруды бастап, онысынан түк шықпасын білген соң:

– Саған кішкене толу керек, тым арықсың, жігіттерге былай көлемділеу қыздар ұнайды ғой, – деген де қойған. Одан бері де тұп-тура он жыл өтті, мен оқудың соңын қудым, университет, сосын магистратура. Енді келіп ақпарат саласының жылдық есебін жазумен, ертелі-кеш кеңседе компьютерге телміріп жастық жылдарымды өткізіп жатқанымды көріп, Зәмзәның уайымы ұлғайды.

– Әй, сөйлесіп жүрген біреуің бар ма өзі? Осы сен жазған «жұмыс-жұмыс» деп жүріп, отырып қалатын болдың, болмаса айтсай, өзіміз қам жасайық, – деген әңгімеңің шетін шығарды. Содан кейін көп ұзамай Зәмзә әлеуметтік желілерден маған лайық болар деген жігіттердің тізімін жасай бастады.

Кейде ол азаннан кешке дейін көк дәптерге шұқшияды да отырады. Онысы сырт көзге жұмысшылардың айлық есебін жүргізіп отырған бухгалтердің қауырт жұмысы секілденіп көрінеді. Ол әбден ақ жемі шығып тозған көк дәптерді алғашқы бетін саусағына бір түкіріп сықыр еткізіп ашты. Алдымен бірінен кейін бірі жарысып күйеуге тиген сіңлілерін сызып, тізімді жаңартуға кіріседі.

– Өф, тиді ғой айтеуір, осыны алпамсадай ғып бай алмай ма деп қорқушы едім, тапты ғой теңін, – деп, кейде ойына келгенін лақ еткізіп айта салатын, ауыр тірлік істесе тасыры көбейіп жан-жағын жайпап жүретін әпкесінің 34-ке келіп зорға күйеуге тиген қызын айтып кеңк етіп бір күліп алды.

Мен мойнымды созып тізімнен өз атымды іздей бастадым. «Жоғары талғам иесі» деген қызыл сияның астындағы тізімнің төменгі жағында «Жәукен – Асқар Жүнісбеков, Асел – Беркут» деп жазылы тұр екен.

– Мынау не, Асқар Жүнісбекові несі?

– Баяғыда сені Асқар Жүнісбековке күйеуге тисе деп армандайтынмын....

– Әншіге ме?

– Иә.

– Осы сенің есің дұрыс емес шығар, – деп жын соққан адамша есіре күлейін.

– Неге күлесің иииии?

– Мені Жүнісбековке тиеді,– деп ойладың ғой сонда? Хааа, хah, хааа!

– Ееее, несі бар екен, елдің қыздарынан қай жерің кем? Алатын еді жолыққандарында...

– Зәмзә, осы сен қияли шығарсың аааа?

– Біздің Әселді көргенде Бүркіт алатын еді, «тағдыр жолықтырмады» дейді мұңдайды, кейде тағдыр деген де кісі тілегін қабыл алмайтын кіспұруш ғой! Бір-бірі үшін жаралған адамдарды жолықтырмай күйдіреді, – деп «Бүркіт» деген жерді сызып «Айсұлтан» деп жазып қойды.

Осыдан бір ай бұрын Әсел Зәмзәның арманын әдіра қылып, жол полициясы болып істейтін Айсұлтанға ұзатылған болатын. Рет-ретімен үлкенінен кішісіне қарай өтіп, саусағымен термелеп төмендеп келе жатқан тізімнің біріне келгенде, Зәмзә көзін дәптерден алмай құлазып ұзақ отырып қалды. Көзәйнегін қайта-қайта түзетіп, арасында ұхлеп терең дем алып, кей сәтте көзәйнегі буланып, мұрнының ұшы қызарғандай болды.

– Иии, жаным әшейін, Макош, иииии айналайыным-ай... Құдай сені қинап қойды ғой, жазғаным-ай! Сорың да бұл-дағы көретін. Ееее, қайтейін, Құдай сені бір тырнаққа зар еткізбей тезірек сәбилі қылса екен. Өзі жуас қой байғұс, көрмеген құқайы жоқ, – деп күйеуге тигеніне алтыншы жылға аяқ басса да бала көтермеген сіңлісін аяп, біртұрлі жасып, мұрнын пырс еткізіп бір тартып, дымданған көзілдірігін жағасына сүртіп-сүртіп жіберіп қайта киіп, тізімді термелеп төмен сырғыта берді.

– Әлия жанееем әшейін, мұның да өмірі бал емес, енесі тақыр жердің шаңын шығаратын қатын. Ойбоооой, Әлия бишара не көрмеді? Отырса – опақ, тұрса – сопақ. Сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығып сыйып отыр. Анау байы да бір жайсыз. Ішеді ғой, ішеді, – деп маған қарап сыбырлай сөйледі. – Қайта балағынан бала арылмай, қара домалақтарды туып-туып тастады. Еее, онысына да шүкір! Қыз сорлы барған жерін көбейтпесе мүсәпір екен ғой, – деп дәптердің келесі бетін ашты.

Ажырасқандар!

Ажырасқандарға қызыл сиямен сұрақ белгі қойды. Сол сұрақ белгі арқылы Зәмзә олардың келешек өміріне үлкен сұрақ қояды, бірақ біртүрлі дүдәмал күй кешеді. Сол сұрақ белгіні үстінен қайта-қайта басып шимайлап, ұзақ ойланды Зәмзә.

– Альбина. Осы бишара қыздың бағы ашылмады. Тиген байы да бір сүмелек... Жетесіз. Еее, қойшы, қарадай ішім ашиды. Біздің Альбина қандай қыз еді! Артынан эшалон-эшалон жігіт жүгіргенде, ана ешекке тигенін көрмейсің бе?! Ух... пешенесіне жазылғаны да байғұстың. Екінші байына бекер тиді. Кім біледі, бәлкім екінші байына тимегенде, бірінші байы қайтып келер ме еді, ааааа? – деп маған жалт қарады. «Мен қайдан білейін?» дегендей иығымды қиқаң еткіздім.

– Еее, бірақ сен не білуші едің, түк те білмейсің? – деп қолын бір сілтеп күрсінді. Мұнысы мені мұқатқаны ма, жоқ аяған түрі ме, ұқпадым.

Меруерт. Бұл сорлы қыз 18 жасында қағынып жүріп ана албастыға ұрынды. Айттым сонда: «әй асықпа, асықпа, «асыққан қыз байға жарымайды» деген. Асықпа» дедім. «Ойбай, әпке, Қуанышты сүйем-күйем, оған тимесем өлем» деді. Енді отырысы анау, Қуанышы қайғыға айналып, «ажырастым» дейді көзінің сорасы ағып, енді оны төрт баласымен кім алады? Тағы да туғаны ыңғай еркек бала. Қарнымыз ашты деп Меруерттің өзін қуырып жеп қоя жаздап отыр, – деп Зәмзә өз-өзінен налыды.

Зәмзә көк дәптердің сілки отырып келесі бетін ашты. Қызыл сиямен «Отырғандар» деп астын сызып қойыпты.

Бұл тізімге Зәмзәның өзінен үлкен әпкелері, күйеуге тимей қалған кластас құрбылары, тіпті көршісі де бар.

Клара.

– Естідің бе, ей?! Клара балалар үйінен бір бала асырап алыпты дейді ғой.

– Естідік қой.

– Көрдің бе әне, не болды? Кезінде осы Клараны жеңгелері жігітпен таныстырамыз деп әуреге түсетін.

– Еее, неге?

– Қиял ғой, «таныспаймын, Алматыда жігітім бар» дейтін көрінеді. Отызға келгенше Алматыда жігітім бар деп алдына келген жігіттердің бетін қайтара беріпті. Бір күні қырыққа келгенде баяғы жеңгелерінің бірі Алматыдағы жігітіңендігі үйленіп кеткен шығар, жақсы жігіт бар, таныс та күйеуге ти десе, «Шымкентте жігітім бар» – деп айтады екен. Содан күйіп кеткен жеңгесі «Мынаның жігіті ақырындап ауылға жақындап келе жатыр екен, бір-екі жылда Созаққа жетіп қалатын шығар, күтейік» деген екен, дап Зәмзә ішек-сілесі қата күлді. Күле-күле сырғып мұрнының ұшына түскен көзәйнегін саусағының ұшымен жоғары жылжытты да үстелдің шетін ырым ғып үш рет ұрып жағасына қарата үш рет түкірінді.

– Құрсын, өзімен кетсін, күлмейік, қыз өсіріп отырмыз. Бақыт деген сусымалы ғой, қолдан шықты, ұшты, бітті. Өмір бойы ұстай алмайсың, болды. Алыста тұрған секілді, шақырған секілді көрінеді. Жүгіресің, өкпең өшіп жүгіресің, барсаң дым да жоқ, құр сағым, сағым... Бір жақсыны өмір бойы іздейсің, күтесің, ал, ол мұрын шүйіреді. Бәлкім, сен іздеген жақсы адам тіпті де алыста емес, дәл жанында жүрген шығар, аааа... Ал, Клара сөйтіп жүріп 50-ге келді. Бұдан енді не үміт, не қайыр, – деп тізімдегі Клара тәтейдің атын қызыл сиямен шимайлап өшіре бастады.

Кейде Зәмзә ертеңгілік таңғы шай үстінде көк дәптерінің әр бетін сықырлатып, ондағы әйелдер мен қыздардың тағдырын өзінше тәпсірлеп, кейде тіпті үкім шығарып, кейде ойша некесін қиып отырады. Зәмзәға салса сол көк дәптердегі әйелдер мен қыздардың басына бір-бір ақ жаулық салып, ақ некесін қиып, бақыттың төріне бір-ақ шығарар еді. Зәмзәға салса сол әйелдер шұпірлеген сәбилердің анасы атанар еді. Егер Зәмзәның көк дәптері мен көк сиясы сиқырлы болса, ол жер бетіндегі бақытсыз әйелдердің барлығының басына бақ орнатып, бір сәтте бәрін некелі жар қыла салар еді. Бірақ, Зәмзәның көк дәптері әйел жарықтықтың ақұдайлаған тілегін орындай алмайды. Орындалса Зәмзәдай тілеуқор әйел жер шарының күллі жылауық әйелдерін бақытты қылам деп ел кезіп кетер еді ғой....

Жәудір НАРТАЙ

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМЫТУ НАЗАРДА



Өткен жылы облыста бұқаралық спортты дамыту мақсатында 1322 шара өтіп, оған 120 мыңнан аса тұрғын тартылған. Көк байрағымызды көкте желбіреткен Сыр спортшылары да жеңіспен елді қуантуға бар күшін салды. Олар ҚР чемпионаттарында 1037, Әлем және Азия чемпионаттарында 123 медаль еншілеген. Бұл туралы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Асылжан Жаманқұл мәлімдеді. Басқарма басшысы биыл өткен жылғы жетістіктерді еселеу жоспарда екенін назарға салды.

– Өткен жыл Сыр спортшылары үшін табысты жыл болды. Төрт жылда бір рет келетін ең ірі халықаралық спорттық жарыс – Токио Олимпиадасына облыстан үш спортшы қатысып, Қамшыбек Қоңқабаев Олимпиада ойындарының қола жүлдегері атанды. Әлем, халықаралық, республикалық чемпионаттарда спортшылар түрлі дәрежеде жүлдегер атанды. Халықтың спорттық нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 5 спорт кешені салынуда. Бұдан бөлек, «Самұрық» корпоративтік қорының демеушілігімен қалада және Махамбетов ауылдық округінде көпфункционалды спорт кешенінің құрылысын салу жоспарланып отыр. Бұл өңірдегі спорттың дамуына тың серпін беретіні сөзсіз, – деді А.Жаманқұл.

ЖЕРЛЕСТЕР ЖЕҢІСІ

Түркияның Стамбул қаласында пауэрлифтингтен өткен додада Сырдың 4 спортшысы түгел алтыннан алқа тақты деген хабар жетті.

Азия чемпионатында экипировкалық жатып сығымдау түрінен ерлер арасында Елдос Ермаханов, жасөспірімдер арасында Жансая Нұрәлі, Исламбек Қанашов, Ә.Оразбекова үздіктер көшін бастап, намысты қолдан бермеді.

Айта кетейік, өткен жыл қорытындысы жаман емес, салада даму бар. Бұған дейін осы үздіксіз еңбек үшін бірқатар спортшылар Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің атақтарын иеленді. Жылдың үздік деп танылған жаттықтырушыларына «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл» мерекелік медалі мен Мәдениет және спорт министрлігінің «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілері табысталды.

БАЛАЛАР ФУТБОЛЫНА БАҒДАР КЕРЕК

Бүгінде өңірдегі «Қайсар» футбол орталығында 500-ге жуық жас футболшылар аладоптың қыр-сырын меңгеріп келді. Жақында клуб директоры Жағыппар Жұмахметов футбол орталығының бапкерлерімен кездесіп, бұл бағытты одан әрі дамытуда жаңа жоспарларды нақтылау қажеттігін алға тартты.

– Жас футболшылар – ел болашағы. Сондықтан футбол орталығындағы әрбір қатысушыға баса назар аудару керек. Балалар жалғыз жаттығумен шектелмеу керек. Алға ұмтылу үшін түрлі шеберлік сабақтарын жоспарлаған тиімді. Жаңа спорттық киімдермен қамтамасыз етуге жұмыс істейміз. Көктем айындағы «Арман» және «Жастар» республикалық турниріне дайындықтық жұмыстарын да осы бастан қолға алу керек, – деді клуб директоры Жағыппар Насрадинұлы.

Айта кетейік, «Қайсар» футбол орталығында УЕФАның талаптарына сәйкес А,В,С категориялы 25 бапкер жұмыс істейді. Сондай-ақ қыздар футболы да қарқын алып, бүгінде 2 команда ел чемпионатында бақ сынауда.

Бетті дайындаған: М.СНАДИН

Польша астанасында блицтен ФИДЕ-нің әлем чемпионаты аяқталды. Бәсекеде қазақстандық шахматшы Бибісара Асаубаева чемпион атанды. Бұл оның әлем чемпионатындағы алғашқы жүлдесі емес. Бұған дейін жылдам шахматтан күміс жүлде иеленген. Биыл Бибісара Асаубаева әйелдер арасында онлайн өткен Азия чемпионатында жеңімпаз атанды, Қазақстан Республикасы құрамасында ойнап, Бүкіләлемдік шахматтан онлайн олимпиадада үздік 8 команданың қатарына кірді. 17 жастағы талантты қыз жайлы толығырақ тарқатсақ.

10 ЖЫЛ КҮТКЕН ЖЕҢІС

Мәліметтерге сүйенсек, Әлем чемпионатының күміс жүлдегері 2004 жылы Тараз қаласында дүниеге келген. Шахматты төрт жасында үйренген.

«Алғашқы шахмат үйірмесіне барғанымда менен басқасының бәрі үлкен еді. Жеті жастағы ұлдармен ойнап жүрдім. Алғашқы 3 ай бойы тек жеңілдім. Үйге жылап келетінмін. Анам сол кезде мүмкін қажет емес шығар. Осымен тоқтарсың дейтін. Сосын арада 3 ай өткенде алғашқы жеңісіме қол жеткіздім», – деген шахматшы бір сұхбатында.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Олег Дзюбаннан тәлім алған. Ата-анасы Алматыға көшіп келгенінде осы маманға табыстаған. Алайда, бір уақыттары Бибісара Ресейге көшуге мәжбүр болды. Мәскеуде тұрып, сол елдің намысын қорғаған. 2016 жылы Ресейдің атынан өзінің жас мөлшеріндегілер арасындағы әлем чемпионатына қатысып, топ жарған еді. Бірақ өкінішке қарай 2 жылдан соң дау шықты. Ресейлік жаттықтырушы Евгений Соложенкин 13 жасар спортшыға «Турнир кезінде қулық танытып, электрондық құралды пайдалану арқылы жеңіске жетті» деген айып таққан. Өз кезегінде Бибісара мұны жала деп айтты. Ол жалған ақпарат таратқан жаттықтырушы әрекетін «атын шығару үшін жасады» деп мәлімдеді. Сол уақытта атышулы іс те қозғалды. Тексеріс жұмыстары барысында құдікті ешнәрсе табылмаған. Шахматшы қызды танымал ресейлік адвокат Александр Добровинский қорғады. Бірақ бірінші инстанциядағы – Мәскеудің Басман соты 2018 жылдың мамыр айында шахматшыға қарсы шешім шығарды. Адвокат осы кезде қарсы шағым түсіретінін айтқан деген деректерді таптық.

«Бір жылдан астам уақыт бізге жағылған қара күйемен өмір сүрдік. Алайда әділдік орнады – FIDE Соложенкинді 18 айға шеттетті. Сот менің де, Бибісараның да Соложенкинге қарсы арызын қанағаттандырды. Енді ол ақша төлейді. Сондай-ақ Бибісараны тыйым салынған құралдар пайдаланды деп айыптап мақала жазған басылымдар оның ақталғаны туралы ақпарат таратуға міндеттеледі. Біз ризамыз» – деп келтірген «Sputnik.kz» сайтына берген пікірінде шахматшы қыздың анасы Лиана Таңжарықова.

Осыдан 2 жыл бұрын Бибісара елге оралды. Сол кезде Маңғыстау облысының әкімі болған Ералы Тоғжанов отандасымыздың елге оралуына септігін тигізді. Осы күні Асаубаева жарыстарға Маңғыстау облысының атынан қатысып жүр. Байқағаныңыздай, намысшыл қазақ қызы жеткен жетістік аз емес, алда да ол биіктерден табыларына күмән жоқ. Шахмат ханшайымының айтуынша, ол бұл жетістікке 10 жылдық еңбектің нәтижесінде қол жеткізіп отыр. Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шахматшыны айтулы жүлдесімен құттықтады. Twitter-дегі парақшасында Президент «Бибісара Асаубаеваны блиц бойынша өткен әлем чемпионатындағы жарқын жеңісімен құттықтаймын. Бұл керемет жетістік барша қазақстандық үшін, әсіресе, шахмат әуесқойлары үшін Жаңа жыл қарсаңындағы жағымды жаңалық болды. Бибісараның табыстан табысқа жете беруіне тілектестік білдіремін!» деген жазба қалдырды.

КИБЕРСПОРТТЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Жаңа заманның спорты. Қазір ел оны «киберспорт», «компьютерлік спорт», «электронды спорт» деп атайды. «Трендтегі спорттың тарихы қандай және ол соңғы жылдары қандай деңгейге көтерілді?» деген сауалдарға жауап іздеген едік.

Сарапшылардың дерегі бойынша киберспорт түрінің қарыштап дамуы 1997 жылдан басталады. Сол жылы «The Cyberathlete Professional League» (CPL) атты компьютерлік ойындарға арналған кәсіби лига ашылған еді. Бұл лиганың мақсаты компьютерлік ойындарды жаңа деңгейге көтеру болатын. Ойын жүзеге асыру үшін CPL жарыстар ұйымдастыра бастайды. Олар ұйымдасқан алғашқы жарыс Quake ойынына арналады. Кейін лига топтық жарыстарға көшіп, Doom 2 ойынын ойната бастайды. Ал 2001 жылдан Counter Strike симуляторы алға шығып, киберспортты жаңа деңгейге көтереді. Қазір киберспорт әлемінде ең көп таралған ойындарға Counter Strike, Dota 2, Call of Duty, League of Legends, Starcraft жатады. Бұл ойындар бойынша жүлде қоры қомақты жарыстар жиі ұйымдастырылып тұрады. Киберспорттағы ірі сайыстарда, тіпті, допингке тексеру де өтеді. Мамандардың айтуынша, 2017 жылы киберспорт нарығының қаржылай айналымы 655 миллион долларды құраған. Ал бұл сан 2021 жылы 1,9 миллиард доллардан асты.

2018 жылдың 25 маусымында елімізде Мәдениет және спорт министрлігі киберспортты ресми түрде спорт деп танып, «Qazaq Cybersport Federation» атты киберспорт федерациясы өз жұмысын бастап кетті. Esportsearnings сайтының мәліметіне сенсек, қазақстандық ойыншылардың жалпы табысы 2 млн долларды құраған, бұл көрсеткішпен Қазақстан қазір әлемде 40-орында тұр. Ал АҚШ ойыншылары 131 млн доллар табыспен көш бастап келеді. Айта кету керек, Орталық Азия елдерінің арасында Қазақстан ойыншылары киберспорттан үздік нәтиже көрсетіп келеді. Аталған рейтингте Қырғыз елінің ойыншылары 366 мың доллар табыспен 65-орынға тұрақтаған. «Qazaq Cybersport Federation» бірлестігінің даму жөніндегі директоры Бауыржан Садиевтің айтуынша, әлемде электронды спорт еш мемлекеттің қолдауынсыз коммерция арқылы табыс тауып, дамып келеді. «Жалпы киберспорт – нарықтық ортада өз бетімен дамып жатқан спорттың бірі. Ол – коммерциялық жобаның жемісі. Сондықтан да оған мемлекет тарапынан мойындалу міндетті емес. Алайда Қазақстан, Ресей секілді елдерде мемлекеттің қолдауын алу көпшіліктің белгілі бір нәрсені түсініп, қабылдауына жол ашады. Бұл – тарихи қалыптасып қалған жағдай», – дейді Б.Садиев. Дегенмен қаржыландыру жағына келгенде киберспорт федерациясы мемлекет қаражатына қол жаймайтынын алға тартады.

Айта кетейік, көпшілікке таныс емес киберспортта қатысушылар өз арасында топтық немесе жекелей сында сайысқа түсіп, қомақты қаржылай ұтысты жеңіп алуға тырысады. Былай қарасақ, күнделікті көріп жүрген спорттық жарыстардан еш айырмашылығы жоқ, тек қатысушылар бір-бірімен шынайы емес, виртуалды өмірде бақ сынасады. Оны тамашалайтын жанкүйерлердің 60%-дан астамы 18-35 жас аралығында деген дерек те жасырын емес. Бұл ретте баланың компьютер ойындарына шектен тыс қызығушылық танытуы алаңдатарлық дейді мамандар. «Одан да спорт секциясына барып, әнби үйірмелерін жағалап, пайдалы іспен айналысқаны дұрыс» деген пікір білдіруші ата-аналар да аз емес. Осыған қарап, электронды спорт әлі де салмақты сала ретінде қабылданбайтын сыңайлы көрінді бізге...

Қазақша бизнес – Түркияда

Көптен күткен фильм желтоқсанның 30-ы күні көрерменге жол тартты. Түсірілімне бір жарым жыл уақыт кеткен киноны халық асыға күтті. Қоянбаевтың қай киносы болмасын көптің көңілінен шығып келеді. Әр фильмінің өзіндік идеясы, айтар ойы бар. Бұл фильм де Қоянбаевтың көрермендерге жаңа жылдық тартуы болды. Бір қызығы кассаларда билет болмай, кезекте тұрғандардың көп екендігін аңғардық. Жерлесіміз «Фильмді ата-аналарыңызбен, жақындарыңызбен көруге кеңес береміз. Жаңа жылдық көңіл-күйді көтеру үшін арнайы 30 желтоқсанда көрсетуді жоспарладық. Халықтың ұзын-сонар кезекті суретке түсіріп жібергендері қуантты. Көрермендеріме қазақша нұқсасын көруге кеңес беремін. Басқа туындылардан ерекшелігі бұл жолы Еркош Түркияда жоғалмайды», – деді.

Фильмде табысты қонақүй иесі Жомарт Қанатұлы халықаралық деңгейге шығады. Аукционда қонақүй сатып алу үшін Ален, Еркош, Бақдаулет және жаңадан келген Марленмен бірге Түркияға ұшады. Бірақ қонақүй сатып алу оңай шаруа емес, барлық кейіпкерлер Америка, Африка және Кореяда болғаннан да күшті жаңа тосын оқиғаларға тап болады.

Фильм қазақтардың материалдық жағдайымен қатар адами құндылықтарының да «астын сызып» көрсетті. Арамдығы аз аңғалдығымызды да. «Үйде жалғыз қалғанда» немесе «Ирониының» орнына «Бизнес по-казахски» жаңа бөлімімен ассоциацияланатын күйге жеттік.

– Сценаристтер, актерлер, барлық ұжымға осы бесінші бөлім қатты ұнап жатыр. Өзім «Бизнес по-казахски» бөлімдерінің барлығының авторы болғаннан кейін көңілімнен шықпайды. Бір жері ұнайды, бір жері ұнамайды. Осы жолы көңілімнен шықты. Жыл сайын «Бизнес по казахскидің» жаңа бөлімін таспалау актерлер үшін де игі дәстүрге айналғандай. Жобаның бірінші бөлімінен бастап жүрген Жан Байжанбаев кейіпкерлердің көрермені жалықтырып алмайтынына сенімді. Біз бұл дәстүрді бұзбаймыз. Америка, Корея, Түркиямен тоқталып қалмай, әрі қарай түсіреміз, - деді Нұрлан Қоянбаев.

Ол – 42 млн доллар шығында жүрсе де қазақтың жігіттері ақша үшін «Азамат» деген атқа адал болатын халық екенін заманауи кинода көрсеткен отандық алғашқы продюсер. Қазақ халқының қыз баланы, жалпы әйел затын

құрмет тұтатын ұлт екенін де заманауи кинода көрсетті. Көрсетканде де шынайы жеткізе білді. Кореяның киносынан ғана табылатын сый-құрметті бізден де көрдік.

Алдыңғы бөлімдерден айырмашылығы 100 пайыз қазақша және арасында танымал түріктің «Kara Sevda» сериалын көріп отырғандай әсер болады.

Жоғарыда атап өткендей, Еркош Түркияда жоғалмады. Жылы-жылы тілек білдірген оқырмандардың бірі: «Еркош жоғалғанда қызық болар еді» деп те пікір жазыпты. Бірақ фильм шынымен де көпшіліктің көңілінен шықты. Оны режиссердің Instagram парақшасындағы шынайы пікірлерден аңғару қиын емес. Олай болса, сіздерге де отандық өнімді тамашалауға кеңес береміз!

Мөлдір САБЫРЖАН

JULDYZ - JORAMAL

(8 – 15 қаңтар)

Тоқты
Қандай мәселе орынсалса да, өзақылыңызды тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені бірыңғайлайсыз. Аптада өмірдің жаңа баспалдағын аттайсыз. Өзіңіздің жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.

Торпақ
Апта сәтті басталады. Егер асығыстық танытпасаңыз, ешқандай қателікке бой алдырмайсыз. Сонымен қатар барлық мәселеде шешімді өзіңіз қабылдағаныңыз жөн.

Егіз
Сабырлы болуға тырысыңыз. Кейде айналаңыздағы адамдар сізді әдейі ашуландыруы мүмкін. Сондықтан арандатушыларға ерменіз. Жоспарды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт. Болашағы зор жұмысқа орналасуға немесе жаңа кәсіп бастауға қолайлы сәт.

Шаян
Адамдармен тіл табысу қиынға соғады. Тіпті жақын адамдардың өзі сізді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Ойлау қабілеті терең жандар орын алған оқиғалардың соңы қалай аяқталатынын жақсы біледі. Сондай-ақ барлық жұмыста белсенділік танытып, оң шешім табуға атсалысады.

Арыстан
Бұрын қолыңыздан келмеген шараларды соңына дейін жеткізесіз. Іскерлік және жеке қарым-қатынасты қалыпқа келтіре аласыз. Барынша сабыр сақтай біліңіз. Егер шыдамсыздық танытсаңыз, көп қателік жіберуіңіз мүмкін.

Бикеш
Достарыңыздан хабар күтіңіз. Жақсы жаңалық болуы мүмкін. Десе де шешім қабылдағанда абай болыңыз. Барлық шараны орындау, мақсатқа жету оңайға соқпайды. Бірақ сіз еш берілмейсіз. Табандылықтың арқасында біраз жетістікке жетесіз.

Таразы
Ойланыңыз. Егер алдағы күндерге жоспар құрсаңыз, барлық жұмысыңыз алға басады. Өз мүмкіндігіңізді пайдаланып, барлық жұмысты деңгелетесіз. Ұстаздар, кеңесшілер, саудагерлер және делдалдар үшін өте сәтті апта болмақ. Бұл жандар бүгін табысты болады. Әсіресе, топ болып жұмыс істейтіндердің айы оңынан туады.

Сарышаян
Ештеңеге алаңдамаңыз. Көп күш жұмсамастан біраз жетістікке жетуге мүмкіндік бар. Сіз барлық мүмкіндікті көре аласыз. Сүйгеніңізбен бірге болыңыз. Ол өзін жалғыз сезініп жүр, қолдау көрсеткеніңіз жөн.

Мерген
Қызметте жолыңыз болады. Қалтаңыз да қалыңдайды. Бірақ қалта қалындайды деп, достарыңызды ұмытып кетпеңіз. Аптада сәттілік серігіңіз болады. Соңғы уақытта сызат түскен қарым-қатынасты қайта қалыпқа келтіресіз. Ескі қателіктерді де жөндейсіз.

Тауешкі
Аптаңыз жақсы басталады, уақытыңыз бекерге өтпейді. Ойын-сауық кештерге барыңыз мүмкін. Осы аптаны сергек өткізуге тырысыңыз. Аздаған қиындықтар болады, алайда аландауға негіз жоқ. Бәрі реттеледі.

Суқұйғыш
Апта ерекше көңіл-күй сыйлайды. Бір уақытта бірнеше жұмыс істеуіңізге тура келеді. Оған еш ренжімейсіз. Бірақ назарыңызды бір жұмысқа аударғаныңыз дұрыс. Аптада достарыңызбен бас қосасыз, мерекелік кеш көп болады.

Балық
Аптада барлық жұмысты біткіруге тырысыңыз. Маңызды мәселені бітіріп, жұмысты ретке келтіруге қолайлы сәт болмақ. Сүйгеніңізбен бірге болсаңыз, оны ренжітіп алмаңыз. Байыппен сөйлеңіз, ол сізге жарасады.

МУЗЫКАНЫҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Балаға бағдар беру – жауапты іс. Әсіресе, келешек өміріне, ойлау жүйесіне өзгеріс әкелетін дағдыларға баулу асқан жауапкершілік, тың талпынысты қажет етеді. Себебі бала бойындағы талантты тану, үйренер өнерінің пайдасын түсіндіру тек өзіне ғана емес, қоршаған ортаның өркендеуіне де жол ашатынын ескеру маңызды. Осы орайда бала психологиясы мен ми жұмысының жақсаруына септігін тигізетін бірден-бір өнер – музыка.

АҚШ-тың Дьюк Университетінің ғалымдары жүргізген зерттеуге сүйенсек, бала тіл үйренуге, музыканы игеруге тырысқанда мидың когнитивті қоры құрылып, бір-бірімен байланысы күшейетін көрінеді. Содан нейропатия мен мидың қартаюы сынды белгілер жойылады екен.

Ғалымда диффузиялық тензорлық визуализация арқылы мидағы ақ заттың көлемі мен жүйке талшықтарының, мидың әртүрлі бөлігінің бір-бірімен ақпарат алмасу тұтастығын зерттеп көрген. Адам қартаюға бет алғанда мидағы ақ заттың тұтастығы төмендеп, когнитивті мүмкіндігі азая бастайды. Ал миында сенсомоторлы белсенділігі жоғалмаған адамның қартаюы аз жүреді. Ойлау және когнитивті ойлау жүйесі жақсарады. Осылайша, ойлау жүйесі жақсарып, есте сақтау да анағұрлым беки түседі.

Нейробиологтар зерттеу барысында 20-67 жас аралығындағы сегіз музыканттың миын сканерден өткізген. Ол музыканттар күніне 3 сағатын музыкаға арнайды екен. Тексеріс барысында музыканттардың миындағы ақ заттың бір-бірімен байланысы және ориентациясын, оның көлемін көрсететін фракционды анизотропияның деңгейі жоғары болып шыққан. Бұл дегеніміз – мұндай адамдардың миының когнитивті қоры мол деген сөз. Когнитивті қор жас келген сайын азаятыны занды. Алайда музыкамен белсенді айналысатын адамдарда қор азаюдың орнына көбейіп отыратыны белгілі болды. Содан музыкамен айналысу мен көп тілді үйрену адамның когнитивті функциясын жақсартып, ойлау қабілетін күшейтетіні анықталды. Сондықтан баланың музыкаға жақын болуын, сол арқылы денсаулығын нығайтып, өмір жасын ұзартуды қаперде ұстаған дұрыс секілді.

Жалпы музыканы, оның ішінде ән өнерінің пайдасын сөз етер болсақ, адам баласы үшін керек кезі көп. Музыка алдымен адамның жүрек соғысын реттейді. Сол арқылы шерді тарқатып, көңілді жайландырады. Сонда дене жайбарақат күйге түседі. Бұл күй бүйрек, бауыр, ас қорыту, қан айналымына да оң әсер ететіні анықталған. Жүкті әйелдер таңертең және кешке қарай, үйықтар алдында баяу ойналатын жағымды музыка тыңдап жүрсе, іштегі нәресте сабырлы, төзімді болады дейді. Сонымен бірге сабидің есту және есте сақтау қабілеті жақсы дамиды деген де дерек бар. Тіпті мұндай балалар мейірімді болатыны дәлелденген.

Демек музыкамен шұғылданатын баланың миы ерте жетіледі, ойлау қабілеті артады. Ал ересек адамға ерте қартаюдан аулақ болуға жәрдемдеспек. Сол себепті балаңыздың дамуына көңіл бөлгіңіз келсе, музыкадан алшақтатпаған жөн.

Дайындаған:
Берен ШАҒЫРОВ

Кезекші редактор: Мөлдір САБЫРЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU басна үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 1901